



Республикалық жастар газеті Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№24 (561)
13 маусым,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



Айжан ҚАЙРАНБАЕВА:

Бала сау болсын десек, ата-ана өз денсаулығына мән беруі керек

«Айжан Маратқызы – деген педиатр. Балаға мұндай махаббатпен қарайтын дәрігер аз шығар». Whatsapp желісіндегі статуста дәрігер мен баланың фотосына осылай жазылыпты. Бұл – пациенттің дәрігерге деген ризашылығы екенін бірден аңғардық.

Сырттай біздің де кәсіби біліктілігімен қоса шын ниетімен бала саулығы үшін күресетін педиатрға деген құрметіміз артты. Сондықтан медицина қызметкерлерінің күніне орай тұрғындардың ризашылығына бөленген қаладағы №1 емхананың балалар дәрігерімен байланысып, аз-кем сұхбат құрдық.

– Қазір туа бітті жүрек, жүйке жүйесінің ауруы бар балалар көбейді. Кейбір сәбилер үшін анасының құрсағына біткен сәттен бастап өмірге келгенше күрес басталады. Бұған не себеп болуы мүмкін? Әсіресе дүниеге келмеген балада даун, аутизм секілді сырқат болмаса екен деген қорқыныш басым...

– Иә, әр сәбидің аман-есен, дені сау болып өмірге келуі өте маңызды. Бірақ іштегі баланың дамуына ананың психологиялық жағдайы, өзіне күтіммен қарауы ерекше әсер етеді. Менің ойымша, қыз баланың жасөспірім кезінен-ақ дұрыс тамақтануына, ауыр көтермеуіне, жылы жүруіне, қандай жұмыс істейтініне назар аудару қажет.

4-бетте

ҚҰРБАН АЙТ – МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ



«Айт» сөзі – мерекелеу, хал сұрасу, бір-бірін қуанту, қуанышқа топталу, қарымта деген мағынаны білдіреді.

– Күллі мұсылман қауымын бірлікке, ынтымаққа ұйыстыратын құрбан айт мейрамы ең әуелі мешіттерде айт намазын оқудан бастау алады. Құранда: «Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал», – деп бұйырады («Кәусар» сүресі, 2-аят). Осы күнгі ең алғаш орындайтын амалымыз – көпшілікпен айт намазын оқу, мұнан соң құрбандық малымызды шын ықыласпен шалу арқылы жалғасады. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Біздің бұл күнде алғашқы атқаратын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбандық шалу. Кімде-кім осылай етсе, біздің сүннетімізге ергені» – деп айт намазын орындаумен ғана құрбандық шалу басталарын жеткізген. Таң азанмен Аллаға мінәжат еткен мұсылман қауым, бір-біріне құшағын ашып, ыстық ықыласын көрсетіп, айт мерекесімен құттықтасады. Бір-бірін кешірісіп, шын бауырмалдығын танытады. Жағдайы жеткен, Алланың разылығын үміт еткен жандар

Мұсылманның екі ұлық мерекесі болса, соның бірі – қасиетті Құрбан айт мейрамы. Асыл дінімізде бұл мерекенің шоқтығы биік. Құрбан айт – мейірім мерекесі хәм ізет пен құрметтің көрінісі. Халқымыз ежелден «құрбан айт құтты болсын» деп ерекше мән беріп, елдік деңгейде мерекелеген. Құрбандықтың тарихы тым тереңде жатыр. Бұл өткен күнді еске салатын жай ғана тарих емес, ұлы ғибадат.

құрбандығын шалып жоқ-жітікке, мұқтаж жандарға қарайласып, жәрдем қолын созады, – деді Қызылорда облысының бас имамы Дастан қажы Жанасұлы.

Ақпарат үшін айта кетейік, 17 маусым жұмыс күні болады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері мәлімдеді. Бұған дейін 17 маусымда қазақстандықтар қосымша бір күн демалатыны хабарланған болатын.

Өйткені Құрбан айттың бірінші күні осы күнге сәйкес келетіні айтылды. Алайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) мереке бір күн бұрын, яғни 16 маусымда басталатынын хабарлады.

Сонымен қатар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы онлайн құрбан шалуға мүмкіндік беретін платформаның іске қосылғанын айтты.


Сайтта белгіленген баға бойынша қойдың құны – 75 мың теңге, ірі қараның құны – 490 мың теңге. Сайт арқылы құрбан етін алуға да өтініш қалдыруға болады.

– Онлайн түрде құрбан шаламын деушілер құрбандық малын тандап, ақшаны Kaspi QR арқылы аударуға болады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйені бір немесе жеті адам бірігіп шалса болады. Тапсырысыңыз сәтті өтсе ұялы телефоныңызға SMS хабарлама келеді, – деп жазылған діни басқарманың хабарламасында.

Құрбандық шалынғаннан кейін оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жіберіледі.

Шалған құрбандықтарыңыз қабыл болсын!

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ



ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

Мемлекеттің өркендеуі, дамуы мен шарықтауы ел тұрғындарының өмір сүру деңгейімен бағаланады. Ал бұл бағытта халықтың еңбек нарығы мен әлеуметтік ахуалы саясаттағы ұстанымға байланысты. Кейінгі жылдары отбасылық әл-ауқатты көтеру мен нығайтуда түрлі жобалар іске асырылды. Алайда халықтың көңілінен шықпағандары да бар. Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр 20 сәуірде «ҚР Әлеуметтік кодексі» қабылданып, 1 шілденен бастап заңды күшіне енген болатын. Кодекс аясында бүгінге дейін атқарылған жұмыстың нәтижесін баяндау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Назгүл Сағындықова Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді.

Іс-сапар барысында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесіп, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру, трансформациялау, ана мен баланы қорғау жүйесі туралы баяндады. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде



ерекше қажеттіліктері бар балаларға ипотерапиямен оңалту қызметін көрсететін ұйымның жұмысымен танысып, Талсуат елді мекенінде орналасқан облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты оңалту орталығы мен балаларға арналған арнаулы-әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарын аралады. Сондай-ақ, өңір тұрғындарымен

кездесіп, азаматтарды жеке қабылдады. Тұрғындармен кездесу барысында атаулы әлеуметтік көмек көрсетудегі өзгерістер, зейнетақы төлемдері, мүгедектігі бар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру мәселелеріне жеке-жеке тоқталды.

2

БАСПАСӨЗ-2024

Республикалық «Ақмешіт жастары» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүргізілуде. 6 айға жекелер, мекемелер үшін 2500 теңге

Көз тастаған келешек асқарына, Жазылыңыз «Ақмешіт жастарына»...



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ: КӨЛЕҢКЕЛІ ІС ТИЫЛМАЙ ТҰР

Адреналин қуған жүргізушілердің қара жолда жан тапсырып, қайғылы жайттардың болып жатқаны жасырын емес. Мәселен, 2023 жылы 15 886 жол-көлік апаты болып, 22 мыңнан астам адам жана шеккен. 2022 жылмен салыстырғанда ЖКО 7,1% көбейіп, одан зардап шеккендер 2,5%-ға көбейген. Бұл жүргізушінің тәжірибесіздігінен бе, әлде астыртын әрекеттің кесірінен бе? Мақаламызда сауалға жауап іздеп көрдік.

Жүргізуші куәлігін сатып алғандардың жазасы қандай?

Алдымен жүргізуші куәлігінің бүгінгі жай-жапсарына назар аударсақ. Қазір бұл куәлікті сатып

алу процесі өте оңай дейді білетіндер. Тіпті әлеуметтік желіде ашық түрде ешқандай емтихансыз куәлікті алуға көмектесетіндердің қатары артқан. «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» демекші, мұндай ақпарат куәлікті қажет етіп жүргендер үшін

оңай олжа. Куәлігі бола тұра, одан айырылып қалғандар да осы залалды қызметтің игілігін көріп жүр. Олар арнайы базадан бұрынғы жүргізуші куәлігін жойып, қайтадан сатып алу арқасында көлік айдау құқығына ие болуда.

3-бетте

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТІҢ КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

Жастар

жаңалықтары



Экологиялық акция басталды

Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы бастау алды.

Экологиялық акцияға «AMANAT» партиясы облыстық филиалы ұжымы мен «Жастар Рухы» белсенділері қатысып, Б.Шөкенов атындағы саябақты күл-коқыстан тазартты.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында «AMANAT» партиясы 5 бағыт бойынша жұмыс бастады. Атап айтсақ, экология саласына қатысты заң шығару, өңірлерде ластанған аумақтардың картасын жасай отырып, «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын ұйымдастыру, «Астана-Алматы» тас жол бойындағы аумақты тазартуға арналған «Таза Қазақстан» road-эстафетасы, тарихи-мәдени және табиғи мұраны вандализм әрекетінен қорғауға арналған қоғамдық науқан, сондай-ақ жасыл волонтерлік – экологиялық волонтерлер қозғалысын құру.

Жарқын болашақ жалынды жастардың қолында

Аралдағы «Балықшылар» аллеясында аудан әкімі Аманжол Онғарбаев жастармен еркін форматта кездесті.

Қатысушылар алдымен қолөнер бұйымдары, құрылыс материалдары, сүт, шұжық және жартылай фабрика өнімдері қойылған аудандағы тауар өндіруші жас кәсіпкерлердің көрмесін тамашалады.

Мұнан соң жиынға арнайы келген облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес аймақтағы жастар саясатын жандандыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды айтып, жаңа жобалар жөнінде сөз қозғалды.

Жүздесу барысында жастар өздерін қызықтырған әрі толғандырған сұрақтарын, ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Шара соңында ВИА «Арал» тобы аудан жастарымен бірге жанды дауыста ән шырып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Еңбек адамына көрсетілген құрмет

Туған топырағының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан еңбек ардагері, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғары кеңесінің депутаты, атақты күршіш Көлжан Оразалиеваның 100 жылдығына орай тағылымға толы шара өтті.

Фани Мұратбаев ауылдық округінде өткен мерейтойлық шараның ашылуына аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов қатысып, ауыл тұрғындарын, еңбек ардагерінің ұрпақтарын мерейтоймен құттықтап, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің марапатын табыстады.

Мерейтойлық шараларда «Мен анамын бақыт тапқан еңбектен, бір қолыммен бесігімді тербеткен» атты жас аналар байқауы, «Еңбек fest» атты еңбек фестивалі, жүгіру марафоны және ұлттық спорт түрінен жарыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар Көлжан Оразалиеваның өмір жолына байланысты «Асыл әжем ардақты» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Тәрбие негізі – ұлттық құндылықта

Аудандық білім бөліміне қарасты №186 орта мектебінде «Алтын балалық шақ» декадасы және бала еңбегін қанауға қарсы ұлттық ақпараттық науқаны аясында «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықта» тақырыбында ашық есік күні өткізілді.

Шараға аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Тоқшылықова, аудандық СЭС басқарма басшысы Г.Төлепбергенова, аудандық ата-аналар кеңесінің төрағасы М.Әліев, аудандық жастар орталығының психологі Ә.Кетегебаева құрметті қонақ болып қатысты.

Шара барысында «Құтты мекен – Қуандария» этнолагерінің тынығушылары ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтайтын «Ата көсіп – ұрпаққа нәсіп» тақырыбы аясында «Аталар мектебінің» мүшесі Қыстаубай Кетебайұлы атайдың қолөнерімен, «Мен – әжемін, ұрпағымды әділдеген» тақырыбында «Әжелер мектебінің» мүшелері, ата-аналар комитетінің мүшелері лагерь тынығушыларына «жүн тұту», «құршық иіру», «құрақ құрау» жайында шеберлік сабағын өткізді.

Спорттық лагерь тынығушылары «Бес асық», «Гір көтеру», «Асық ату» ойындарынан сайысқа түсті. «Женгелер мектебінің» мүшелері қыздарға ұлттық тағамдардың жасалу жолдарын көрсетіп, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрімізді жаңғыртты.

Республикалық жайдарман сайысы

Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде Жалағаш ауданы өкімінің жүлдесіне арналған республикалық жайдарман сайысы өтті.

Республикалық жайдарман ойынында еліміздің түкпір-түкпірінен келген 13 команда бақ сынады. Жайдарман ойынын елімізге белгілі жайдарманшы Әліби Басаров жүргізді.

Тартысты сайыс нәтижесінде I орынды Орал қаласының «Талант» командасы иеленсе, II орынды Астана қаласының «Ақпен бірге» құрамасы, III орынды Қарақалпақстаннан келген «Алмас» құрамасы қанжығасына байлады. Түркістан облысы «Ақбулақ» құрамасының ойыншысы Ерман Бекұлы жайдарманның «Үздік ойыншысы» номинациясымен марапатталды.

«Сырдария барысы»

Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен аудан жастары арасында қазақ күресінен «Сырдария барысы» өтті.

Жарыста Сырдария аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Бағдат Есенов турнирді ашып, спорт ардагері Елеусін Мектепхан жас палуандарға бата беріп, сөзтілік тіледі.

Сайыс 2 салмақ дәрежесі бойынша 30 жас палуан қатысты. «Сырдария барысы» нәтижесі бойынша 55 келіге дейінгі салмақ бойынша I орынды Фанибек Әбіләкім еншілесі, II орынды Бақдәулет Жанәділ, III орынды Мадияр Дастанов қанжығасына байлады. Ал 55 келіден жоғары салмақ бойынша I орынды Арнұр Абдиқаримов, II орынды Айтұған Қибаб, III орынды Ернұр Сағатов иемденді.

«Бала Нартай» дәстүрлі ән орындаушылар байқауы

Мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының «Жаз – 2024 жыл» жазғы демалыс кезіндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Бала Нартай» атты аудандық дәстүрлі әнші оқушылар арасында байқау ұйымдастырылды.

Байқауға орта мектептерден 18 оқушы қатысып, жүлделі I, 2, 3 орындармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Тарихымды танып білім келеді

Аудандық жастар ресурстық орталығының әлеуметтік тапсырысы аясында «Арман асуы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Жанақорған жастары тарихи орындарға экскурсияға шықты.

Экскурсияда аудан жастары тарихи мол тағылымды орталарды көруге Хорасан ата, Төлегетай-Қылышты ата кесенелері мен Ақтас мешіті, Айкажа ишан кесенесімен және Сауран тарихи қалашығымен танысты. Тарихи танымдық экскурсия барысында аудандық музей қызметкері Қуралай Дәрмен киелі жерлер туралы жастарға мағлұмат беріп, көкейдегі сауалдарына жауап берді.

«АЖ» ақпарат

нәтижесінде жыл басынан бері 207 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсету үшін SMS-хабарлама жолданған. Ал өтініш берусіз жәрдемақы немесе төлем алу мүмкіндігін 95 мың адам пайдаланды. Цифрлық картада Қазақстанның 20 млн

білдіреді. Мәселен, білім саласындағы балабақшалар, жеке мектептер, ал денсаулық сақтау бойынша жеке клиникалардың ашылуы жан басына шаққандағы тарифтің нәтижесі. Ендігі кезекте еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы жүйені қолға алады. Мүгедектігі бар азаматтар ауылда инфрақұрылымның жоқтығынан қалаға көшуге мәжбүр. Ал бұл жүйені әлеуметтік салада қолдану арқылы ауыл-аймақтарда бизнес жүргізу мүмкіндігі артап. Сонымен қатар ампутацияланған, генетикалық ауытқуы бар, мүгедектігі бар азаматтардың медицина саласындағы жұмысын тездету, онтайландыру үшін ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен бірге пилоттық жоба әзірленуде.

Тұрғындармен кездесу барысында Назгүл Сағындықоваға жолданған сауалдың ең көбі атаулы әлеуметтік көмекке тірелді. Жұбайы 4 жылдан бері бала күтімінде, өзі денсаулығына байланысты сырқаттанып жүрген көпбалалы өке тұрмыстық жағдайы туралы айтты. Отбасындағы негізгі кіріс көзі зейнетақы мен балаға берілетін жәрдемақы болса да, мемлекеттен берілетін әлеуметтік көмекті ала алмай жүр. Себебі отбасының табысы орташа күнкөріс деңгейінен 136 теңгеге асып кеткен. «Әлеуметтік көмек алады» деген құжаты болмаған соң балаларын тегін балабақшаға, лагерлерге де жібере алмағанын айтты.

Бұл жағдай халықтың әлеуметтік өмірін айқындайды. Өңірде атаулы көмекке мұқтаж жандардың азаймағаны, бұған қоса көмекке мұқтаж жандардың ақшалай жәрдем ала алмауы қолданысқа енгеніне 5 жылға жуықтаған жобаның әлі де зерттеліп, толықтыруды қажет ететінін білдіреді.

Халықтың сұрағына жауап беру барысында вице-министр бұл бағыттағы жаңа бастамаларға тоқталды. Нақтырақ айтсақ, 2025 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасында 1-6 жасқа дейінгі бала болса, тағы қосымша төлем төленеді. Сондай-ақ медициналық табысқа көшу жоспарлануда. Ендігіде кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейі емес, медиандық табыс есебінен анықталатын болады. Әлеуметтік көмек тағайындалғанда тек кіріс емес, отбасының шығысы да есептелінбек.

Назарға алатын келесі жағдай, жұмыссыздық, кедейлікке қатысты мәселелерді ортаға салып, салдары мен шешімін қарастырумен қатар, кездесуде денсаулық сақтау саласына қатысты сауалдар көп болды. Халық медициналық қызметтерге көңілдері толмайтынын жеткізді. Бұл сонда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарамағындағы мәселе ме? Денсаулық сақтау министрлігі, ұйымдар, басқармалардың жұмысының нәтижесі қайда?

«Ауруын жасырған өледі» демекші, қай сала болмасын оң нәтижемен бірге олықлығы да айтылуы қажет. Халық – қоғам – мемлекет. Мемлекеттің салғырттығы халықтың қайғысына айналмасын.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН



Басы 1-бетте

– Өткен жылы атқарылған жұмыстар мен әлеуметтік кодекстегі маңызды өзгерістер туралы халыққа баяндап, ақпараттандыру үшін бір топ мамандар Сыр өңіріне арнайы келдік. Базалық зейнетақы мөлшері Мемлекет басшысының Жолдауында берген тапсырмасына сәйкес енді бірге-бірге артатын болады. Сондай-ақ ана мен баланы қорғау жүйесінде де біршама өзгеріс бар. Алтын мен күміс алқа иегерлерінің жәрдемақы мөлшері сараланып, бала күтімінен отырған аналар бір жарым жасқа дейін жәрдемақы алуға мүмкіндік алды. Әлеуметтік кодекс аясында мүгедектігі бар азаматтарға қатысты көптеген жүйелі өзгеріс енгізілді, – деді вице-министр.

Әлеуметтік кодекстің негізгі мақсаты халықтың түсінуін жеңілдету үшін әлеуметтік саладағы заңнаманың барлық нормасын бір құжатқа шоғырландыру. Яғни әлеуметтік қамсыздандыруға қатысты қолданыстағы заңдар мен актілер біріктірілген. Кодекстегі негізгі жаңалықтың бірі отбасының цифрлық картасы.

– Барлық өңір бойынша отбасының цифрлық картасы енгізілді. Бұл – жергілікті әкімдіктер мен басшыларға таптырмас құрал. Осы карта аясында түрлі санаттағы отбасылармен жұмыс істеу мүмкіндігі қарастырылған. Қызылордада «Е» санатын құрайтын 9 мыңға жуық отбасы бар, – деді Назгүл Сағындықова.

Цифрлық картаға қайта оралайық. Бұл мемлекеттегі отбасылардың дербес дерекқоры. Жобаны енгізудің



азаматы туралы ақпарат жинақталған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес зейнетақы мөлшері өзгертілуде. Қазақстан бойынша зейнеткерлер саны 2,3 млн, ал Қызылорда облысында зейнеттегі адамдар саны 83 мыңнан асады. Аймақтағы орташа зейнетақы мөлшері 155 мың теңгеге жуық.

Жалпы зейнетақы базалық, ынтымақты және жинақтаушы зейнетақы деп қарастырылады. Бүгінге дейін базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 54%-ды құраса, енді бұл мөлшер 70%-ға артады. Ал 1998 жылға дейін еңбек өтілімі бар азаматтарға төленетін ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін қабылданған ең жоғары табыс мөлшері 46 айлық есептік көрсеткіштен 55-ке көтерілген.

Биыл I қантардан бастап инфляция деңгейін ескере отырып, әлеуметтік төлемдерді жыл сайынғы индексстеу шеңберінде ынтымақты зейнетақылардың өсуі 9%-ды құрады. Сондай-ақ ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты базалық зейнетақы мөлшері ұлғайтылды. Жалпы республика бойынша зейнетақы төлемдеріне былтыр 3 трлн 300 млрд теңге бағытталды, осы жылы 3 трлн 785 млрд теңге бағыттау жоспарлануда, – деді вице-министр.

Жоғарыда айтылған ана мен баланы қорғау жүйесіндегі өзгерістерге ойыссақ. Бала күтімімен үйде отырған аналар I жылға дейін жәрдемақы алатын, енді жәрдемақы баланың бір жарым жасына дейін төленеді. Одан бөлек, алтын алқа иегерлеріне I айлық есептік көрсеткіш деңгейінде ақша қосылады. Биылғы I айлық есептік көрсеткіштің мөлшері 3 692 теңгеге өскен.

Вице-министрдің сөзінше, мүгедектігі бар азаматтарды қолдауға көп өзгеріс енгізілген. Бұл бағытта жүйені трансформациялау қарастырылған. Денсаулық сақтау және білім саласы жан басына шаққандағы қаржыландыруға әлдеқайда бұрын ауысқан. Бұл жеке бизнестің келуін



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ:

КӨЛЕҢКЕЛІ ІС ТИЫЛМАЙ ТҰР

Басы 1-бетте

Сәуір айында еліміздің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы істер агенттігі мониторинг жүргізіп, нәтижесінде автокөлік жүргізушілеріне арналған мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының бюджеті 10,2 мың автокөлікті тіркеу кезінде 10,9 млрд теңгеден 91,3 млрд теңгеге дейін, яғни 9 есе күрт өскенін анықтады. Автомобильдерді тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру кезінде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің болғаны анықталған.

– 2011 жылдан бері қолданылып келе жатқан автокөлікті тіркеу жүйесі сыбайлас жемқорлыққа төтеп бере алмады. Қызметкерлер жөн-жосықсыз жалған деректер енгізіп, растығы күмәнді құжаттарды берумен айналысқан.

Үш жыл ішінде агенттік 23 қылмыстық істі тергеп, осы аяда 3 мыңнан астам заңсыз көлік есеңке қойылды. 60 мың жүргізуші куәлігінің заңсыз берілгені анықталды. Осындай іс-әрекеттерге тосқауыл қою үшін уәкілетті органдарға тиісті ұсыныстар енгізілді, олардың бір бөлігі іске асырылды, – делі ведомство мамандары.

Сатқан да, сатып алған адам да жазасыз қалмайды. Себебі мұндай бассыздық адам өміріне қауіп төндіріп, орны толмас қателікке ұшыратады. Елімізде жылына 2 мыңға жуық адам жол-көлік оқиғасының кесірінен жан төсілім етеді. Қылмыстық кодекстің 385-ші бабына сәйкес «Жалған құжаттарды, мөртабаңдарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу» 4 мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе 4 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады. Заң аясында жалған куәлікті қолданғандар да судан таза шықпайды. Олар сатып алған бағадан 35 есе көп төлейді немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Яғни, куәлікті астыртын әдіспен 200 мың теңгеге сатып алған болсаңыз, 7 млн теңге айыппұл арқалауға да дайын болыңыз.



Занда не өзгерді?

17 сәуірде өткен Мәжіліс отырысында «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы біршама тақырып талқыға түсті.

Ендігіде қатан жолда жүру ережесін бұзғандар 7 жылға дейін көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Жүргізуші куәлігі жоқ бола тұра көлікті тізгіндеген, сонымен қатар алкоголь немесе есірткі тұтынған адамдар жеті жылға дейін емтихан тапсыру мүмкіндігінен шегеріледі.

Бүгінде электросамокат пен мопедке қызығушылар саны артқан. Бірақ оның ықпалынан туындаған ЖКО статистикасының өсуі заңға өзгерістер керектігін дәлелдеді. Мұндай транспорт иелеріне ендігіде уәкілетті органдарға тіркеліп, «А» санатындағы жүргізуші куәлігін алу міндеттелді. Сондай-ақ олар жыл сайынғы техникалық тексерістен және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру рәсімінен өтуге тиісті.

Қозғалыс жүрісін реттеуге ықпал ететін аталған заң жобалары іске асырылған сәттен бастап, жүргізушілер өкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске сәйкес тәртіпбұзушылық орын алған жағдайда мемлекет алдында жауап береді.

Сондай-ақ кішігірім өзгерістер туралы хабарлап өтсек. 6 маусымнан бастап Ішкі істер министрлігі жол ережесіне мынадай өзгерістер енгізді: біртұтас жолақты басу – жолдың қарсы бағытына шығып, жол ережесін бұзу деп есептелінеді. Ережені бұзған жүргізушілер 6 ай көлемінде көлік айдау құқығынан айырылады.

Қазақстанда заң бойынша жүргізуші куәлігі 18 жастан беріледі, ал автоматтегі 16 жастан бастап оқып, ережелерді менгеруге рұқсат бар. Кейінгі енген өзгерістер бойынша ендігіде автоматтегі оқу барлық куәлік алушыларға міндеттелді.

Дегенмен мұның да бір осал тұсы бар. Автоматтегі теориялық және практикалық тұрғыда көлік айдауға үйретеді. Алдымен теориялық, кейіннен қаласаныз, тәжірибе жинау үшін көліктің тізгініне отырғызады. Бірақ көлік айдау автоматтегі төленетін қаражаттан бөлек болады. Яғни, теориялық және практикалық тұрғыда машықтануға бөлек-бөлек ақша төлейсіз. Ал автоматтегі теориялық білім алғаныңыз үшін жалпы жүргізуші куәлігін алуға арналған тестке куәлік береді, ал бұл әлі көлік тізгіндемеген талапкерге ұтымсыз.

«Сақтансаң сақтаймын» демекші, автоматтегі үміткерді екі бағыт бойынша тәжірибеден өткізген соң ғана тест тапсыруға мүмкіндік бергені дұрыс болар еді.

Куәлік алушылар нені білуі керек?

Куәлікті алу үшін мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының қызметіне жүгінесіз. Өзіңізбен бірге жеке куәлік, медициналық анықтама, мемлекеттік баж салықтарын төлегенін растайтын құжат, «С», «D1», «D», «ТМ», «ТБ» қосымша санаттарын беру үшін жұмыс өтілін растайтын құжаттар қажет. Жүргізуші куәлігін алу үшін төленетін мемлекеттік баждың құны – 1,25 АЕК.

Есте сақтанңыз! Жоғарыда атап өткендей, ендігіде кез келген куәлік алушы алдымен автоматтегі тәмамдап,

мектепті бітіргендігін растайтын құжатымен ғана теориялық тестке жіберіледі. Құжаттың жарамдылығы – 2 жыл.

Оқу-жаттығу үшін талапкерге өздігінше көлік жүргізуге тыйым салынады. Арнайы автодромда нұсқаушының көмегімен ғана тізгіндей алады.

Теориялық тестте 40 сұрақ болады, оның 32 сұрағына дұрыс жауап берген жағдайда ғана практикалық тестке өтуге мүмкіндік алады. Егер теориялық тесттен бірінші рет өтіп, қажетті баллды ала алмаған жағдайда, 2 жыл ішінде қалаған уақытыңызда қайтадан тапсыруға болады.

Практикалық емтихан да осы реттік бойынша жүзеге асады.

Практикалық емтиханды тапсыру үшін арнайы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының нұсқаушысымен немесе автоматтегі тәлімгерімен бірге үйренуге болады. Дәрістер арнайы емтихан өтетін жерде (құны 3 мың теңге) болады немесе автодромда өтеді (құны автоматтегі ұсынатын бағасына сәйкес).

Куәліктің мерзімі 10 жыл, ал мерзім соңына жеткен соң тестті қайтадан тапсыру міндетті емес. Ал егер куәліктен айырылған болсаңыз, теориялық тест тапсыруға тиістісіз.

ЖЖЕ емтиханындағы ақау қашан жөнделеді?

Тапсыратын теориялық емтиханда жолда жүру ережесін білетіндігімізді дәлелдейміз. Тесттің сұрақтары орыс тілінен қазақ тіліне балама түрде аударылған. Яғни, сұрақтар дұрыс аударылмағандықтан қазақ тілді адамдар үшін қиындық туғызады. Сондай-ақ кейбір сұрақтардың жауабы қате. Мәселен, көлікті тежеу үшін «алдыңғы дөңгелектер» бірінші болып тоқтайды, ал бірақ тест жауабында «артқы дөңгелектер» деп қате нұсқасы белгіленген. Бұл олқылықты бірі білсе, бірі білмейді. Тағы ескере кететін жайт, тест сұрақтары біраздан бері жаңартылмаған. Емтихан сұрақтарына жаңа сұрақ қосыла бергенімен, ескісі мен қолданыстан шыққан сұрақтар әлі де емтиханда кездеседі.

Түйін. Жуырда Жаңа Зеландияда SPCA (жануарларға жасалатын қатыгездіктің алдын алумен айналысатын қоғамдық ұйым) иттерді көлік тізгініне отырғызып, оларды айдауға машықтандырды. Бұл тәжірибенің мақсаты – жануарларға қорлық көрсететін адамдарға иттердің қаншалықты ақылды екенін дәлелдеу болатын. Небәрі 47 күнге созылған оқу-жаттығу арқасында иттер расымен көлік құралын басқаруды игерді. Арнайы көліктермен тест-драйвтан сәтті өтіп, жүргізуші куәлігіне ие болды.

Айтпағымыз, жануар екеш жануардың өзі оқып, көлікті басқаруды үйренді. Ал біз адам бола тұра салғырттыққа бой алдырып, түбінде орны толмас қайғы-қасіретке ұрынамыз. Ережені білу және оны ұстану – сіздің біліктілігіңізді арттырып, бір адамның өмірін құтқаруға қауқарлы. Берекесіз куәлікті қыруар ақшаға сатып алғанша, сол қаржыны білімге құйған абзал. Жолда сақ болайық!

Нұршат
НЫШАНОВА



Медицинадағы жасанды интеллект

Медицина саласында жасанды интеллекттің (ЖИ) қолданылуы қарқынды дамып келеді. ЖИ технологиялары ауруларды ерте анықтау, дәл диагноз қою, емдеу әдістерін таңдау және пациенттердің күтімін жақсарту бағытында үлкен жетістіктерге қол жеткізуде. Бұл мақалада медициналық ЖИ-дің қазіргі жетістіктері мен мүмкіндіктерін талқылағанды жөн көрдік.

Медицина жетістігі

Диагностика. ЖИ алгоритмдері медициналық бейнелерді талдау арқылы диагноз қою кезінде жоғары дәлдікке ие болуда. Мысалы, тері ісік ауруын анықтауға арналған ЖИ жүйелері дерматологтардан да жақсы нәтиже көрсетуде. Радиология саласында ЖИ өкпе, кеуде, ми және басқа да ағзалардың МРТ, КТ және рентген суреттерін талдау арқылы ісіктер мен басқа да патологияларды анықтауда көмектеседі.

Пациенттерді басқару. ЖИ пациенттердің мәліметтерін талдау арқылы емдеу жолдарын оңтайландыруға және пациенттердің жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Электрондық медициналық жазбаларды (EMR) қолдану арқылы ЖИ пациенттердің ауру тарихын, лабораториялық нәтижелерін және дәрі-дәрмектерін талдап, жеке емдеу жоспарларын құруға көмектеседі.

Дәрі-дәрмек дайындау. ЖИ дәрі-дәрмектерді зерттеу және әзірлеу процесін жеделдетуде маңызды рөл атқарады. Алгоритмдер үлкен деректер жиынтығын талдап, потенциалды дәрілерді анықтау, олардың тиімділігін болжау және клиникалық сынақтарды жоспарлауда қолданылады. Бұл жаңа дәрі-дәрмектерді нарыққа шығару уақытын қысқартады.

Қашықтықтан мониторинг және телемедицина. ЖИ-ға негізделген құрылғылар пациенттердің физиологиялық көрсеткіштерін үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді. Бұл қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары және басқа да созылмалы аурулары бар пациенттер үшін өте маңызды. Телемедицина арқылы дәрігерлер қашықтықтан кеңес беріп, ЖИ арқылы диагноздарды нақтылау мүмкіндігіне ие болуда.

Алдағы мүмкіндіктер

Жеке медицина. ЖИ көмегімен генетикалық деректерді талдау арқылы әр пациентке жеке емдеу жоспарын құру мүмкіндігі артады. Бұл пациенттердің жеке ерекшеліктерін ескеріп, емдеу тиімділігін жақсартуға және жанама әсерлерін азайтуға мүмкіндік береді.

Роботты хирургия. ЖИ басқаратын хирургиялық роботтар жоғары дәлдікпен және аз инвазивтілікпен операция жасауға мүмкіндік береді. Бұл хирургияның сапасын арттырып, операциядан кейінгі қапына келу уақытын қысқартуға ықпал етеді.

Мобильді денсаулық сақтау қолданбалары. ЖИ-ға негізделген мобильді қосымшалар денсаулық сақтау саласында кеңінен қолданылады. Бұл қосымшалар пациенттердің күнделікті денсаулығын бақылап, аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Деректер қауіпсіздігі және этика. ЖИ қолдану кезінде деректер қауіпсіздігі мен этикалық мәселелерге назар аудару маңызды. Пациенттердің жеке мәліметтерінің қорғалуын қамтамасыз ету және ЖИ шешімдерінің әділдігі мен ашықтығын сақтау қажеттілігі артады.

Медицинадағы жасанды интеллект қазір үлкен жетістіктерге жетіп, болашақта медициналық қызметтердің сапасын арттыруға, диагноз қою және емдеу процесінің оңтайландыруға ықпал еткен. Алайда ЖИ қолдану барысында этикалық және деректер қауіпсіздігі мәселелерін шешу маңызды болып қала береді. Жасанды интеллекттің дамуы медицина саласында жаңа мүмкіндіктер ашып, денсаулық сақтау жүйесін жаңа деңгейге көтереді деп жоспарлануда.

Нұржан
НҰҒЫМАДИЛЛА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
студенті



Айжан ҚАЙРАНБАЕВА:

Басы 1-бетте

БАЛА САУ БОЛСЫН ДЕСЕК, АТА-АНА ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫНА МӘН БЕРҮІ КЕРЕК

Даун синдромы бұл – генетикалық ауытқу. 46 хромосома орнына 47 хромосоманың қалыптасуы себебінен Даун синдромы пайда болады. Синдромның дамуына ата-ананың жасы әсер етіп, көбіне 35-тен асқан адамдардың балаларында кездесетін. Ал қазір жас ата-аналардың балаларында да синдром белгілері байқалады. Сонымен қатар бұған инфекциялық аурулар әсер етуі мүмкін.

Ал аутизм – баланың дамуындағы, ми жүйесіндегі ауытқушылықтың бір түрі. Оның дамуына қазіргі уақытта телефонға тәуелділік әсер етуде. Балаларымен сөйлеспейтін, ойын тындамайтын, жыламай отыру үшін қолына телефон ұстата салатын ата-аналар бар. Бірақ бұл жағдай бала психологиясының бұзылуына алып келеді. Аутизм – әлем бойынша әлі толық зерттелмеген ауру. Аутист жандар өзгерісті қааламайды, көбіне өзімен өзі қалып, ұзақ уақыт бойы бір нәрсенен айналысуы мүмкін. Олардың ерекшелігі – кейде атын атап шақырсаң елең қыламайды, көзге тіке қарамайды, түрлі жағдайларға реакция танытпайды.

– Дәрігерлер УЗИ аппаратымен тексеру арқылы жүкті әйелге «баланың ауру болып өмірге келуі мүмкін» деген болжам жасайды. Кейіннен сәбидің дені сау болып өмірге келгені естиміз. Мұндай құрылғылар қаншалықты сенімді?

– Жүктілік кезінде жоспар бойынша әйел скринингтен өтіп тұрады. Бұл уақытта анализ тапсырудың да өз ережелері бар. Кейде анализді дұрыс тапсырмаудың салдарынан да қате ақпарат берілуі мүмкін. Ал өте сирек жағдайда УЗИ аппараты да қателеседі. Бұл кезде дәрігерлер жүктілікті ұзу туралы шешімді бірден ұсынбайды. Қайта-қайта тексеріп, содан кейін ғана қорытынды жасайды.

– Байқауымызша, балалар массажіне сұраныс артып. Бұрын мұндай мамандардың орнын бірнеше бала өсірген аналар басып, бала күтіміне көмектесетін. Барлық бала арнайы массаж қабылдауы керек пе?

– Массаж тек дәрігердің тағайындауымен ғана жасалады. Жалпы профилактикалық массаж әр балаға пайдалы. Сәбидің бұлшықетін,

буындары мен сүйектерін нығайтады, моториканы дамытады, иммундық жүйеге оң әсер етіп, жүйкені тыныштандырады. Массаж сондай-ақ баланың сөйлеу, ойлау және қиялын дамытуына да пайдалы. Бірақ оның өзі кейде қарсы көрсетілім береді, сондықтан оны дәрігердің тағайындауымен жасаған жөн.

– Балалар семіздігі белен алып тұр. Нутрициологтар иогурт, жарма ботқасын балаларға бермеу керек дейді. Балалардың тамақтану рационы туралы айтыңызшы... Семіздіктің қандай зияны бар?

– Дұрыс тамақтанбау салдарынан балаларда жасырын түрдегі анемия, ағзадағы минералды заттардың төмендігі кездеседі. Соның әсерінен тамаққа деген тәбеті де өзгереді. Чипсы, кириешки секілді ащы өнімдерді, газды сусындарды ғана ішіп-жегісі келеді. Бірақ бұлай фастуфуд, жарғылай фабрикалық өнімдерді тұтыну жалғаса берсе, семіздіктен бөлек созылмалы ауруларға әкеледі.

Сонымен қатар, балаларда қимыл-қозғалыс аз, қадағаламасаң бір орында телефонға қарап отыра беретіні рас. Мұндайда бұлдіршіндердің көзінің көруі нашарлап, омыртқасы қисаюуы мүмкін.

– Біз көбіне дерттің шығу себебімен емес, салдарымен күресеміз. Бала ментальді және физикалық тұрғыда сау болуы үшін аналар ең алдымен немі ескеруі керек?

– Бала сау болсын десек, ең бірінші ата-ана өз денсаулықтарына мән берсе, ал аяғы ауыр әйелдер темірге, ақуызға бай табиғи өнімдерді тұтына деймін. Сондай-ақ, үнемі жақсы көңіл-күйде жүруі маңызды.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айжана ЖУМАДИНОВА

Денсаулығың болмаса, осы кезге дейін қызықтырғанның бәрі жай дүние болып қалатыны рас. Мұндайда кәсіби білімі жоғары, жанашыр дәрігердің көмегіне ғана сенім артасың. Үміт пен күдік қатар тұрған сәтте медицина өкілінің өз ісіне ұқыптылығы мен сенімділігі немесе жүрдім-бардым еңбек ететіні де көзге айқын байқалып тұрады.

ЕЛ СЕНІМІН ИЕЛЕНГЕН ХИРУРГ

Ал іскерлігімен ел алғысын иеленген жанның бірі – Бауыржан Аширов. Ол – Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы «Хирургия 1» кафедрасының ассистенті, медицина ғылымдарының магистрі, PhD докторанты, флебология және лазерлік медицина клиникасының хирург-флебологы.

Дәрігерге деген пациенттердің сенімі мен ризашылығын байқағаннан кейін, хирургты біз де елге кеңінен таныстыруды жөн санадық.

Хирургия – жана технология мен күрделі әдіс-тәсілдерді ұштастырған медицинаның басты бөлігі. Бұл салада кәсіби білімді, жылдам шешім қабылдай алатын, уақытпен есептеспейтін, өмірін осы жолға арнаған медицина маманы еңбек ете алады. Мұны хирургтың бір күндік жұмысына назар аударып-ақ бағамдауға болады.

Бүгінде Бауыржан Отарбайұлы батылдық пен жауапкершілік сынды дәрігерге керек негізгі қасиеттерімен қатар, үздіксіз білім алу, тәжірибе жинақтауының нәтижесінде жылына 500-ден астам хирургиялық ота жасайды.

Отаның оңайы болмайтыны рас. Өйткені бұл залда пациенттің денсаулығын хирургпен тікелей байланысты. «Хирургтің ақылы ұшқыр, көзі өткір, қолдары батыл, жүрегі жалынды болуы керек» деген канатты сөз осындай жауапты сәтте айтыла берсе керек.

Бауыржан Отарбайұлы Семей мемлекеттік институтында білім алып, еңбек жолын 1994 жылы Х.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хирургиялық аурулар кафедрасының аға дәрігер лаборанты болудан бастады. Содан бері түрлі қызмет сатысында шындалған хирург практика барысында өзінің шеберлігін дәлелдеп қана қоймай, өзінен кейінгілерге ұстаздық етті. Ғылыми зерттеулер жасап, еңбектері халықаралық басшыларда жарияланды. Осылайша ғалымның ізденісі мен тағылымы тәжірибесінің игілігін ел көруде.



ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы және шетелдік халықаралық конференция материалдарындағы ғылыми еңбек тізімі 97 мақала болса, оның ішінде 3-еуі Web of Scinence немесе Scopus халықаралық деректер базасында жарық көрген. Бұл – ғылым саласындағы үлкен ізденістің нәтижесі.

Жақсының есімі елге таз тарайтыны рас. Бүгінде арнайылап Бауыржан Ашировты іздеп баратын пациенттер аз емес.


– Менің жасым – 76-да. Екі аяғымнан жүре алмай қиналып, көптен бері мазам болмады. Дәрігерлердің айтуымен түрлі жақпа май жағып, дәрі іштім. Одан ешқандай көмек болмады. Содан балаларым әлеуметтік желіден «Нұрғазы» клиникасы туралы біліп, дәрігер Бауыржан Ашировпен сөйлесті. Медикелер тізімге бекітіп қояды екен. «Кел» деген уақытында бардық. Аяғымды көріп, УЗИ-ға түсіріп, дәрігерлік кеңесін берді. «Ота жасау керек» деп, келесі күні бірден ота жасалды. Қолының жеңілдігі болар, мүлде ауырсынған жоқпын. Риза болғаным соншалық, алғашқыда айтып, газетке бергенді жөн көрдім. Хирург Бауыржан Отарбайұлы қолы жеңіл, жүзі жылы, мейірімді жігіт екен. Был ғана «Алтын қолды» дәрігер медалімен марапатталыпты. Маған қараған Сәлима, Лилия, Арайлым есімді мейірікелер де өз ісіне жауапты, инабатты. Осы кісілерге аналық жүрегіммен алғыс білдіргім келеді. Алданың нұры жаусын, қасіптеріне береке берсін, отбастарына аманылық тілеймін, – деді қызылордалық зейнеткер О.Нұртаева.

Бұл – көпті көрген ананың ақ тілегі. Жұртшылықпен тіл табысу, оның ішінде адамның өміріне жауапты болу жеңіл емес. Шынары сәтте сүрінбей, Жаратқан берген қабілеті мен кәсіби білімін ұштастырған, талайдың өмірін ажалдан арашалаған хирургтың медицинаның алтын дінгегі десек артық айтқандық емес.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Аймақта да жеміс-жидек дақылдарының аурулары мен зиянкестері көптеп кездеседі.

ЖЕМІС-ЖИДЕК ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ АУРУЛАРЫ МЕН ЗИЯНКЕСТЕРІ



Жаз айында жаңа піскен жеміс-жидекте дәрумен мол болатыны белгілі. Дегенмен жеміс-жидек дақылдары саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустармен зақымданатынын айту қажет. Олар келтіретін зияндылықты төмендету үшін дақылдардың ғылыми негізделген өсіру технологиясын сақтау қажет. Жеміс-жидек дақылдары ауруларының таралуына көбінесе зиянды жәндіктер әсер етеді. Ауруларымен күресу шараларын дұрыс жүргізу үшін, аурудың негізгі белгілерін анықтау қажет. Облыста жеміс ағаштарының зиянкестері мен ауруларына қарсы мониторинг жұмыстарын «РФД және БӨО» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облыстық филиалының мамандары жүргізеді. Жеміс ағаштарының көп кездесетін ауруы алма, алмұрт таз қотыры. Аурудың саңырауқұлақ қоздырғышы жапырақтарды, жемістерді өркендерді зақымдайды. Алма ағашында – өңез көбінесе жапырақтардың үстіңгі бетінде, ал алмұртта – жапырақтардың астыңғы бетінде түзіледі.

Зақымданған жапырақтар мезгілінен бұрын қурап, түсіп қалып, өркендердің өсуіне кері әсер етеді. Ағаш әлсірейді, аязға шыдамдылығымен басқа ауруларға төзімділігі төмендейді. Ауру ерте пайда болғанда алма, алмұрт жемісінде дақтар тұтасып ұсықсыз болып кетеді. Күресу шаралары: түсіп қалған жапырақтарды, жемістерді жою, ағаш түбін қопсыту, таз қотыр белгілері байқалған кезден бастап Импакт 25% с.к. (0,1-0,5л/га), Байleton 25% с.к. (0,15-0,2 л/га) басқа да тізімде рұқсат етілген фунгицидтермен химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Жеміс ағаштары зиянкестерінің ішінде ең қауіптісі және көп тарағандары кара және сары өріктердің биті (тля) және жеміс жемір алманы зақымдайды. Мамыр айының екінші жартысынан бастап жеміс-жидектерді әсіресе алманы жемір

жемірі құртының зияны көп. Жеміс жемір құрты облысымыздың алма өсірумен айналысатын шаруашылықтарына және жеке қожалықтарға да өте үлкен зиян тигізуде.

Алма жеміс жемірі біздің облыс жағдайында оңтүстік аудандарда үш ұрпақ, орталық аудандарда толық екі ұрпақ береді. Жеміс ағаштарының зиянкестерімен күресудің бірнеше жолы бар: агротехникалық шаралар кезінде жеміс ағаштарының арасын үнемі қопсытып отыру, арам шөптерден таза ұстау, мерзімінде суару және қоректендіру, санитарлық кесім тазарту сияқты күтім шараларын жүргізу.

Биологиялық және химиялық күресу жолдары, оның ішінде биологиялық тәсілдерді көбінесе үлкен жеміс бақтарында жөндіктермен қоректенетін құстарды пайдалану және басқа да микроорганизмдерді қолдану болады. Химиялық жолмен күресуде БИ-58 40%(0,8-1,9л/га), Каратэ 050 (0,5-1л/га) басқа да тізімде рұқсат етілген инсектицидтерді қолдануға болады. Жеміс ағаштары толық гүлдеп, түйнек салу кезеңінен бастап, улау жұмыстары белгілі методикалық тәсілдермен, арнаулы у шашқыш құралдармен осы салада жұмыс істейтін мамандардың қатысуымен жүргізіледі.

Улау жұмыстарын жүргізуде қауіпсіздік талаптары арқылы қатаң сақталуы тиіс. У шашқаннан кейін артығына жауын-шашын болса, улау жұмыстары қайта жүргізіледі. Қолданылған инсектицидтердің тұрақтылық қажетіне орай улаудың аралығы 10-15 күн шамасын құрайды. Сары және кара өріктерден көп тараған зиянкестердің қатарына ағаш биті (тля) жатады. Әдетте кара өрік пен сары өрікті зақымдайтын зиянкес биті басқа да бақшалық дақылдардың жапырақтарын зақымдайды. Сондықтан бұл зиянкес битпен күресу шаруашылықтарға да, жеке қожалықтарға да қажет. Бұлмен күресу барысында жоғарыда айтылған ұлы химикаттарды толық пайдалануға болады.

Қызылорда облысында жеміс-жидек ағаштары мен өсімдіктердің зиянкестерімен химиялық күрес іс-шараларын РМК «Фитосанитария» облыстық филиалы жүргізеді. Осы аталған мекеме «Кокфени», «АОВТ» арнаулы бүріккіш техникаларымен жабдықталған.

Қорыта келгенде, жеміс-жидек ағаштарында аурулардың болуы бағбандық мәдениетінің дәрежесіне жүргізілген агротехникалық шаралардың сапасына тікелей байланысты. Сондықтан агротехникалық шаралар дер кезінде сапалы жүргізілсе зиянкес жөндіктер, түрлі өсімдік аурулары да соғұрлым аз болатындығы ғылымда да, бағбандық тәжірибелерде дәлелденген.

А.Е.ПАЛМАНОВА,
ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитеті Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің жетекші маманы



Адамның психологиялық жағдайы, ашу мен стресс ауру туғызады дегенге сенесіз бе? Медицина мен психологияда байланыс бар ма?

«Уақытыңда айтылмаған сөздер, іштей уайымдау бір дертке апаруы мүмкін» дейді мамандар. Мұны ғылымда психосоматика саласы зерттейді. Гректің жан мен дене сөздерінен құралған психосоматика ұғымы түпсанадағы процестердің ағзаға әсер етуін білдіреді.

ПСИХОСОМАТИКА: ТҮПСАНАДАҒЫ ТОЛҚЫНЫС

Уикипедиялық мәліметтерге қарасақ, психологиялық факторлардың денсаулыққа әсері туралы идея ежелден айтылып келеді. Бұл тақырып бойынша ой-пікірлер Гиппократ пен Аристотель еңбектерінде де кездеседі.

Ал ортағасырлық мұсылман дәрігері Әбу Зәйд әл-Балхи аурудың дамуындағы биологиялық және психологиялық факторлардың өзара әрекеттесу теориясын жасады.

Қазіргі медицина көптеген ауруды ерте анықтауға, емдеуге қауқарлы. Дегенмен жылдар бойы мазалаған дерт неден пайда болады?

Мамандардың айтуынша, салқын тигізу, инфекция, тұқымқуалаушылық секілді себептерден бөлек дерттің психологиялық салдары болуы мүмкін. Ал өзіміз қазақтың «жаны саудың – тәні сау» деген мақалының астарына үңіліп көріңіз бе?

Айналымға байқап қарасақ, үнемі көңілді жүретін, позитивті ойланатын, мақсаты көп адамдар анау-мынау ауруды елемейтін сияқты көрінеді.

Ал осы саланы зерттеп жүрген мамандар не дейді?

Психосоматолог Рамадан Рахматуллиннің жазбаларына зер салсақ, бірқатар дерттің психологиялық себептерін атапты. Соның ішінде тамақ ауруларының психологиялық салдарына назар аудардық.

– Тамақ жүрек пен басты байланыстырады. Қазақ «Әлгі сөз тамағымда тұрып қалды», «тамағың қырпап бастады» дегенді бекер айтпаған. Белгілі бір адамға ішіндегісі, ренішін айтпай, өзінде ұстап қалған адамда тамағы ауыра бастайды. Әсіресе, змияп, сезімтал адамдардың тамағы жиі ауырады. Себебі өзгені ренжітіп алмайын деп айтарын өзінде сақтайды. Ал ол сөз тамақта тұрып, жайсыздық тудырады.

Адам өзіне көп жұмысты алып, шаршай бастағанда ауру пайда болады. Ми ол жұмыстың көптігін көріп, қаша бастайды. «Мынаны істеу керек, ананы істеу керек, әлі мынаны бар» деген ойлардан ағза шаршап, ауру белгісін береді.

«Барлық аурулар стресстен» дегенді біріміз естідік. Бірақ қайсымыз онымен жұмыс істейді? Психосоматика ғылымы дәл осы сөзге негізделеді. Себебі біздің ішкі ойларымыз, күйзеліс, уайым, реніш сыртқа сигнал



арқылы ауру болып шығады, – дейді Рамадан Рахматулла.

Көп адамның «басы ауырып кетті» дегенін байқаймыз. Тіпті көбі өзімен бірге үнемі парацетамол, цитрамон секілді таблеткаларды ала жүреді. Психосоматолог Мәди Өмірғазиев оның психологиялық бірнеше себебін жазыпты.

– Алғашқы себеп – перфекционизм болуы мүмкін. «Қандай жағдай болса да, істеген ісімді барлығымен жақсы жасауым керек» деу, өзіңді тым жоғары бағалау және сол әрекеттеріңе аса қатты мән бергенде ішпей эмоционалды толқулар болады. Мұндай кісілер елден мадақтамақтау күтеді және сол қалағанын алмағанда жиі кінәлі сезім болады. Бұл әрекеттер стресске, қатты шаршауға алып келеді. Осындай жағдайда сізді бас ауруыңыз ғана тоқтата алады.

Екінші, «Маған осы керек! Осының барлығын істемесем болмайды!», «мен міндеттімін» деген сенімнің өмірден ләззат пен қуаныш алуға кедергі болады. Осы міндеттермен шектелгеніңіз басыңыздың ауруына әкеледі.

Үшінші себеп – эмоцияларыңызды жасыру, басу. Жағымсыз эмоцияны уақытында шығара алмасақ, айта алмасақ, сезімімізді басып тастасақ, жүрегіміздің түбіне орнығады. Ерте ме, кеш пе, бұл эмоцияның еске түсіп, басыңызды ауыртады.

Төртінші себеп – күн сайын қаламайтын істі жасауға өзіңді мәжбүрлеу. Шынайы қалауларыңызды басып, ыңғайлы уақыт күту басыңыздың қатты ауруына әкеледі, миғрыңге ауысып кетуі де мүмкін.

Бесіншісі, қателік жасаудан қашу және қоғамның, айналадағы адамдардың, үнемі ата-ананың үмітін ақтауға ұмтылу. Қателік жасаудан қашатын адам да, біреудің үмітін ақтаумен өмір сүретін адам да өзіне тымның бермей, әр қаламына талдау жасап әлек болады. Бұл да бас ауруына себеп, – деді ол.

Мұның барлығы мамандардың пікірі.

Келісу, келіспеу өз еркімізде. Алладан жақсылық күту, өзіңді тындау, жаман ойдан аулақ болу, ренішіңіз болса, ол адамға көркем түрде жеткізу күйзеліс пен дерттің алдын алатын секілді. Сіз қалай ойлайсыз?

А.НАЗАШ

ДАМУ

ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ


«Ауыл аманаты» жобасы аясында бой көтерген кәсіпорындар Жалағаш ауданының дамуы үшін елеулі үлес қосуда. Тың идея аудандық экономикаға сеп беріп, жұмыс орындарымен қамту мүмкіндігін арттырды. Бұл бизнес мәдениетін дамытады және кәсіпорындардың жоба жасаушылық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Себебі ауылды дамыту мәселелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше бақылауында. Осы орайда «Ауыл аманаты» жобасы қоғамда кеңінен қолдау тапты. Жоба – ауылды дамытудың жаңа драйвері. Оның аясында 2029 жылға қарай барлығы 1 миллион ауыл тұрғынын қамтып, 350 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Бағдарламаны жүзеге асыруға 2024 жылы 100 млрд теңге бөлу қарастырылған.



миллион теңге бөлінді. Биылдан бастап 47 жоба қаржыландырылды. Оның басым көпшілігі агро кредиттік корпорация акционерлік қоғамдар арқылы қаржыландырылған. Барлығы 1.8 млрд теңгеге қаржыланды. Қазір 30 кәсіпкердің жобасын қабылдап жатырмыз, одан бөлек аудан бойынша жобалар пулін жасақтадық. Осы жобалар пулі аясында ауданға тың жаңа жобаларды әкелу мақсатында аудандық кәсіпкерлер және өнеркәсіп бөлімімен үздік бизнес идеялар байқауын жарияладық.

Бұл бизнес идеялар байқауы 4 бағыттан тұрады: «Үздік инновациялық жоба», «Үздік өндіріс жобасы», «Үздік қызмет көрсету бағыты». Барлығына 100 000 теңгеден сыйақы бар. Сондай-ақ «Үздік бейнеролик дайындау» бағыты бар. Бұл бағыттың мақсаты – аудандық кәсіпкерлер және аудан тұрғындарын кәсіпкерлікке шақыру, кәсіпкерлікке баулуға арналған мотивациялық бейнеролик дайындау. Бұл бейнероликке 50 000 теңге сыйақы береміз, – деді Жалағаш аудандық кәсіпкер және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Жасұлан Дүйсекев. Шынында бір адам шағын немесе орта кәсіпті қолға алса, бірнеше адамға жұмыс табылады. Мұның өзі үлкен демеу болары сөзсіз. Кәсіпкердің іскер жандарды табу арқылы жұмыссыздықпен, әлеуметтік ахуалмен күресуіне әбден болады. Сол үшін де қазіргі кезде ауылдағы тұрғындар, оның ішінде жастар берілген мүмкіндікті пайдаланып, шағын болса да кәсіпін бастауды қолға алған. Бұл сөзімізге Жалағаштағы жарқын жобалар дәлел.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА,
Қызылорда-Жалағаш-Қызылорда



Жоба облыста іске қосылғалы бір жылдай уақыт өтті. Осы аралықта айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, былтыр облыс бойынша жобаға 3 млрд теңге бөлінген. Нәтижесінде аймақта кәсіпкерлік саласы түрлі жобалар арқылы дами түсуде. Бүгінде мемлекет қолдауымен кәсіп көкжиегін кеңейткендердің үлкен шоғыры бар. Солардың бірі – Жалағаш ауданындағы қалдықсыз өнім шығаратын «Нұр» қап зауыты. Өндіріс ошағынан бір демде күріш, жем, қоқыс салуға арналған 10 мың дана қап шығарылады. Бүгінде зауыттың жұмысын жүйелеуге 4 адам жұмылдырылған. Кәсіп иесі Асылхан Нұрасыловтың айтуынша, шикізат көршілес Өзбекстан елінен келеді. Ал зауыттың моторы болған алып техника Қытайдан арнайы жеткізілген.

Ол бұл кәсіпті бастауды көптен бері ойға түйіп жүрген. Жоспарлаған жұмысын жүйелеген кәсіпкер алдағы уақытта өнімін тек облыс көлемімен ғана шектемей, шетелге экспорттауды мақсат етіпті. Бұл игілікті істің барлығы «Ауыл аманаты» жобасы аясында алған несенің арқасында. Айта кетсек, «Ауыл аманаты» жобасы аясында берілетін шағын несенің жоғары сомасы 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке тең. Биыл айлық есептік көрсеткіш өзгеруіне байланысты, қаржы көлемі де ұлғайды. Мысалы, былтыр 8,6 млн теңге берілетін болса, биыл 9,2 млн теңге қарастырылған. Сондай-ақ бизнес бағытындағы мұндай қолдаулар көп. Қайтарымсыз грант беру – кәсіп бастаушылар мен шаруа шеңберін ұлғайтатындарға үлкен мүмкіндік. Осындай мүмкіндікті пайдаланып, көшет сатып, кірісін еселеген жандардың бірі – Айдана Пұсырманова. Ол былтыр қолда бар қаражатқа жылжымайға қажетті материалдар сатып алған.

Басқа да қажетті құрал-саймандарды алу үшін мемлекеттік бағдарлама көмегіне жүгінеді. Осылайша 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз қаржылай қолдауға ие болған.

Жылжымай – табыс көзі. Көкөністің күтімі күпті, бабы мықты болып өсуіне жылжымайдың атқарар рөлі орасан. Дастарқанмызға дайын күйі келетін көкөністердің қандай күтіммен өсетініне көп көңіл аудара бермейміз.

Дейтұрғанмен есептің арқасында жемісті жұмыс болатынын ескеру керек.

Бүгінде Жалағаш ауданы Мөрәлі Шәменов ауылындағы Пұсырмановтар әулеті жылжымай жұмысын жолға қойған. Өз қаражаты есебінен жылжымай салып, сол жерден несібесін алуда.

Жылжымайда қызанақ пен қиярдың 2 түрі бар. Бүгінде бағбан өнімдерін дүкен сөрелеріне шығарып, тұрғындар үшін қолайлы бағада сатуда. Кішкентай ауылда көптің алғысын арқалап жүрген бағбан алдағы уақытта жылжымайдағы өнімдердің қатарын құлпынай жемісімен толықтырмақ.

Одан бөлек, осы жоба аясында ашылған кәсіпорындар мен мекемелердің бірі ретінде «Жас Қыран» балабақшасы ерекше назар аудартады. Балабақшаның жалпы сыйымдылығы 140 балаға арналып салынған. Қазір мұнда 6 топ бар және әрқайсысына 2 тәрбиешіден 12 тәрбиеші, арнайы жоғары дәрежелі логопед мамандары жұмыс істейді.

Балаларға қажетті барлық жағдайлар жасалған, заман талабына сай жабдықталған. Ерекше балаларға да қажетті мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар балабақшада робототехника, би үйірмелері бар.

Байқағанымыздай балабақша балалардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, ата-аналар үшін сенімді орын бола алған.

Ауыл аймақтарда мұндай сапалы балабақшалардың болуы өңірдің әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Жоғарыда келтірілген басқа кәсіпорындар сияқты, «Жас Қыран» балабақшасы да «Ауыл аманаты» жобасының нәтижесінде жүзеге асырылған маңызды бастамалардың бірі. Сондай-ақ осы жоба аясында Жалағаш ауданында балаларға арналған «Ботакан» ойын-сауық орталығы ашылды. Бұл бастамаға аудан тұрғындары дән риза. Кәсіп иесі Еркебұлан Каипов бұл ғимараттың құрылысын 2022 жылы бастаған. 2 жыл ішінде бой көтерген орталық заманауи үлгіде жасакталған.

Техникалық қызметкерлер, аниматорлар, даяшылар және тағы басқа қызметтер үшін 15 адам жұмыспен қамтылған. Жоғары сапалы жабдықтармен жасакталған ойын-сауық орталығы балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Ата-ана үшін баланың қуанышты жүзін көру үлкен бақыт. Бұл орталықта ойын алаңдарының түр-түрі қарастырылып, отбасымен тамақтануға да жағдай жасалған.

– Жалағаш ауданы бойынша былтыр 206 жоба барлығы 4.8 млрд теңгеге қаржыланды, оның ішінде «Ауыл аманатына» 79.7



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЫСТЫҚ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласындағы тұрғын үйлерге алдағы екі жыл ішінде ыстық су берілетін болады. Биылдан бастап бұл мәселе оңтайландырылып, тұрғындар ыстық сумен қамтыла бастайды. Қызылордалықтарды ыстық сумен қамту екі кезең арқылы жүргізіледі.

Биыл 187 үй, ал 2025 жылы 237 тұрғын үй ыстық су жүйесіне қосылады. Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін демеушілік есебінен 32 жоба әзірленді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Медет Усаин хабарлады.

– Мемлекет басшысы өткен жылғы өңірімізге жасаған жұмыс сапары барысында Қызылорда халқын ыстық сумен қамту мәселесін дер кезінде шешуді тапсырған болатын. Осыған орай, облыс әкімінің тапсырмасы негізінде тиісті жұмыстар қолға алынды. Бүгінде дейін Қызылорда қаласындағы тұрғын үйлер электр сұжылтықын немесе газбен жылытатын құрылғылар арқылы ыстық сумен қамтамасыз етілген еді. Өздеріңіз білесіздер, бүгінде әр үйде кем дегенде 50 литрлік арестон бар. Ол құрылғы суды ысыту үшін 3 киловатт электр энергиясын қажет етеді. Оған кететін шығындар 1 700 теңге мен 2 000 теңгенің аралығын құрайды. Біз осы орайда арестон пайдаланатын үй мен ыстық су жүйесіне қосылған үйді салыстырдық. Нәтижесінде, ыстық сумен қамтылған үйдің шығыны 5 есеге арзан болатынын анықтадық. Жалпы, қалада орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 804 тұрғын үй бар. Осы тұрғын үйлерді ыстық сумен қамту үшін биыл құрылыс монтаждау жұмыстары басталуда. Мәселен, бүгінде 17 жоба бойынша 186 көппәтерлі тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтау үшін ҚР Үкіметінің резервінен тиісті қаржы бөлінді. Осы жоба бойынша биыл қаламыздағы Шұңғыла, Сырдария, Сол жағалау, Тоуселділік, Бейбарыс көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлерге ыстық су жүйесі жүргізіледі, – деді Медет Усаин.

Қазір қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстары басталып кеткен.

– Қызылорда қаласындағы ең өзекті мәселелердің бірі – тұрғындарды ыстық сумен қамтамасыз ету. Осы мақсатты облыс әкімінің арнайы тапсырмасы негізінде бірнеше жоба қарастырылып, ыстық су желілерін орнату жұмыстары басталды. Қазір қаладағы 174 үйді ыстық суға қосуға мүмкіндік бар, ал 424 үй қаржыландыруды қажет етеді. Бүгінде қала әкімдігі тарапынан арнайы жұмыс тобы құрылып, қала тұрғындарына түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын тұрғындарды, дер кезінде ыстық су желілерін орнатуға өз рұқсаттарын беруге шақырамыз. Бұл өз кезегінде жұмысты тез орындауға және уақыт үнемдеуге ықпал етеді, – деді Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебай.

Мамандардың айтуынша, ыстық су желілерін жүргізу тұрғындар үшін өте тиімді болмақ. Бастысы, электр қуатының жүктемесі төмендеп, тұрғындардың шығыны азаяды.

«АЖ» ақпарат



«ХАЛЫҚ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ҚЫЛЫҢДАР»: АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ЖАСТАРҒА ҚАЛДЫРҒАН ӨСИЕТІ

«Көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар, жаннан қымбат оларға ар, мен жастарға сенемін!», – деп ұрпақ болашағын ойлап, бүгінгі жас буынға үлкен сенім артқан Алаш арыстары жастар мәселесіне қашан да ерекше көңіл бөлген. Ұлт қайраткерлері ел тұтқасын ұстар рухты жастардың өр мінезді, батыл да табанды, арлы да намысты, ғылым-білімге құштар болуын мақсат тұтқан.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан 1921 жылы «Жас алаш» газетінде жастарға арнап мақала жариялап, жас ұрпақты халыққа адал қызмет етуге үндеді:

«Шыныменен, сендер белсеніп халық үшін қызмет қылсаңдар, сендердің ақ жүректің Қазақстанда қазақ-қырғыз халқының алдағы тұрмыстарына жарық сәуле еніп, іштеріндегі болып жатқан ішкі, сыртқы талас-тартыстар жоғалып, халық қатарына қосылар деген үміт тұр. Жазға жақын оқудан босап елге шығып бара жатқан жас оқушылар! Ендігі жұмыс: өздерің де елге шығып қарап жүрсендер де, жоқ болмаса, ел ішінде болып жатқан жаман әдеттерді топтастырып жазып алып жүрсендер де, қандай болып жүрсендер де қазақ-қырғыз халқының оқушы жастары да аман-есен болып, күзгі оқуларына қайтып, ойлаған талаптарына жетулеріне шын көңілмен тілектеспін. Қадірлі [жастар], жолдарың болсын! Сендердің талаптарың шыққан елдеріңе құтты қонымды болсын!», – деп



Әлихан Бөкейхан қазақ елінің болашақ тағдырын жастарға аманат етіп, зор үмітпен сеніп тапсырады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіне жариялаған «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында:

«Әуелі елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендер біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айт-

қанымызды тындамай, істегінімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастарымыздың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс. Жаңа жолдың оқуы жана оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жана. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі

жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүниеде не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар», – деп Ахмет Байтұрсынұлы елге пайдалы болуды мақсат тұтқан, жаңалыққа жаны құштар жас қабілет иелерін өзектен теппей, қайта қолдау керектігін жеткізеді.

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлы 1921 жылы жариялаған «Жастарға» атты мақаласында:

«Бүгінгі жаңа талап жастар болмаса, бұрынғы оқығандарымыздың көргені жаман, тәрбиесі нашарлықтан көбі қызмет етуді қорлық деп түсініп, өз пайдасын халық пайдасынан жоғары санап, елді жәбірлеуден, жеуден басқаны білмей келеді. Бұларды көрген халық «Аллаһтан ойбайым артық» дейтінді шығарды. Енді ертең елге барғалы отырған жастарымыздың міндеті не? Олардың міндеті: бірінші өздеріне тапсырылған қызметтерін жақсы өтеу болса, басынан жұртқа сүйкімді, жұғымды болып, өздерінің шын асқұрек, шын жұртшыл, шын еңбекшілер қорғаны – келер күннің үміті, елдің шырағы – нұры болатын жастар екенін таныту; қараңғы, надан бауырларына үгіт-насихат айтып, көзін ашып, көңілін оятып, көмек беріп, елді өздері жәбірлемек түгіл, жәбірлеушілерден қорғап, нашарды, момынды жақтап, ерсі мінездерден сақтанып, шын азамат атағын алуға тырысу. Елге шыққан жастардың арасындағы естиарлары

кейінгі інілеріне басшылық етіп, басалқы айтуға борышты. Елге шыққан жастар көргендердің «балаларымыз да осылардай болса» деген ой туғызарлықтай, жұрттың махаббатын өздеріне қарататын болсын. Міне, ендігі жастардың міндеті осы», – деп жастардың Отан, ел, халық алдындағы қасиетті парызын адал атқаруына үндейді.

Міржақып Дулатұлы өз сөзінде: «Бұл жолдан адасқан жастар адам болмайды, елдің көңілін қалдырады, күдерін үздіреді. Осы бастан адамгершілікке, тазалыққа, дұрыстыққа құмар болмаған жас ұлғайғанда, қартайғанда ешкімді жарылқай алмайды. «Ерте онбаған кеш оңбас, кеш оңбаған еш оңбастың» кебі келеді де отырады. Соның үшін елге шыққалы отырған жастарға қайырлы сапар тілеп, бұлар жұртқа шын пайдалы қызметкерлер болар деген үмітпен көрескенше қош айтысып, шығарып саламыз. Жасасын, жарық ойлы жас ұлан!», – деп жас ұрпаққа зор сенім білдіріп, ақ жол тілейді.

Міне, Алаш аңсаған озық ойлы, рухты жастардың келбеті хәм бейнесі осындай болса, еліміздің болашағы жарқын болары сөзсіз. Ертенгі ел тұтқасын ұстар жастарымыз Ұлт қайраткерлерінің пайымды өсиетіне құлақ асып, өмірлік рухани азық болар ғибрат алып, Алаш арыстары қалдырған аманатқа қиянат жасамайды деп сенім білдіреміз.

Зарина ӘШПРБЕК



Мектеп – ауқымы терең тақырып. Әрбір адамның жадынан өшпес, жүрегінің бөлшегіндегі ыстық естелікке айналатын маңызды кезең. Мектеп – білім ордасы. Осында білім алып, жарқын болашағымыздың іргетасын қалаймыз. Мектеп бізге білім беріп қана қоймай, жеке тұлға ретінде қалыптастыратын орын.

Мен Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің түлегімін. Биыл мектеп қабырғасындағы соңғы оқу жылымды аяқтап, үлкен өмірге қадам басудамын. Әрине, кимастық сезім басым. Себебі 11 жыл өмірім осындағы ұстаз, сыныптастарыммен бірге өтті. Сәл кейінге ой жүгіртсем, мектепке алғаш келген күнім әлі есімде. Қорқыныш, толқу, қуаныш. Сол сәттен бастап жыл сайын жаңа

қиындықтар мен тосқауылдарға қарамастан маған деген сенімін жоғалтпады, дайындықты тоқтатпады. Алғаш рет республикалық Фариза Оңғарсынова өлеңдерін мәнерлеп оқудан ІІІ орын алдым. Еңбегіміздің жемісін көріп, әрі қарай мәнерлеп оқуға деген қызығушылығым арта түсіп қалалық, облыстық, республикалық сайыстардан жүлделі орындар иелендім. Атап айтқанда, Тұрмағанбет Ізтілеуұлының өлеңдерін мәнерлеп

мектептердің бірі Серғали Толыбеков атындағы мектеп лицейі деп сеніммен айта аламын. Себебі мұнда оқушының дамуына толық жағдай жасалған. Мәселен, менің таңдауым журналистика саласына түсті. Бұл таңдауым мектептегі «ІТ журналистика» үйірмесі себеп болды. Үйірмеде диктор, іс-шараларда жүргізуші ретінде тәжірибе жинаудамын.

МЕКТЕП БІТІРУ: БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

дағды, қабілет қалыптастырды. Түрлі іс-шара, байқау мен олимпиадаларға қатысып, тәжірибе жинадым.

Осы орайда ұстазым Әсел Пірмағанбетоваға алғысымды білдіргім келеді. «Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі» демекші, Әсел апай сыныпаралық мәнерлеп оқу жарыстарына қатыстырып, қызығушылығымды оятты. Басында барлығы бірден болмады, дегенмен ол

оқудан І орын, Абай оқулары сайысынан ІІ орын, Мұқағали Мақатаев өлеңдер сайысынан ІІ орын иелендім. Сонымен қатар өткен жылдың қазан айында Қазақ әдебиеті пәнінен республикалық ғылыми жобада ІІІ орынды иелендім. Осындай жетістіктерге жетуіме ұстаздарым үлкен үлесін қосты.

Бүгінде мектеп парламентінің Президентімін. Сапалы білім беруде алдыңғы қатардағы

Қорытындылай келе, әр оқушы мектеп қабырғасынан бастап өзінің жарқын болашағын қалайды. Болашақ ұрпақтың білімді, саналы, елжанды болып қалыптасуы мектептен басталатынын айтқым келеді.

Данияр НАҒЫЗХАН,

С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің ІІІ-сынып оқушысы

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ АДАМЗАТҚА ӘСЕРІ

«Мен балаң жарық күнде сәуле қуған», – деп С.Торайғыров айтып өткендей, енесі елдікке еңбек жетелейді. Біз екі ғасырдан астам уақытты артқа тастап, алты Алаштың басын қосып, қаймағы бұзылмаған, халқы сүйген ұлттың жас өркеніміз.

Бүгінде Қазақстан дамушы елдердің қатарынан бой көрсетті. Еліміз биіктен көріну үшін жүрегі қазақ деп соққан жастар талмай еңбек етуі қажет. Еліміздің технологияның дамуы бізді қатты қуантады. Техника – адамзат баласы үшін өте қажетті дүние. Қазір қандай маман иесі болса да, техниканың көмегіне жүгінеді.



Жаңыңа керектің бәрін техникадан табамыз. Алайда әр нәрсенің жақсы жағымен қатар жаман жағы қатар жүретіні сөзсіз. Ғаламтор желісінде жастарды теріс ағымға бұрмалайтын сайттар көп. Жасөспірімдер сол жолдың ізіне түсуі, олардың болашағына қауіп төндірді. Бұл мәселенің шешімін таппасақ, қара халықтың сорына айналуы әбден мүмкін. Жақында бұл іс жоғары жақта қаралып, әр әлеуметтік желі және ондағы ақпаратқа талдау жүреді, бақылау тереңдетіледі деп үміттенемін.

Технологияның қауіпті тұсы көп, дегенмен оны сауатты пайдалансақ, бірқатар игі істі жүзеге асыруға болады. Адамзат өмір жолында екі нәрседен қателеспейуі керек. Оның бірі – мамандық таңдау. Көзді ашып-жұмғанша дамып жатқан мына заманда 2050 жылы ғылыми-технология прогресі қарқынды дамып, адамзат баласының орнын робот басуы әбден мүмкін. Болашақта сұранысқа ие мамандықтың бірі – программист. Сондықтан біздің замандастарымызға ІТ салаға бейімделу қажет.

Өз мамандығын жетік меңгеріп, жүрек қалауымен оқу – жарқын болашақтың көрінісі.

Қорыта келе, жарық күнде сәуле қуып, ізденімпаз қасиетімізді жоғалтпай, ел болашағы үшін бар күшімізді саламыз!

Сара БАЗАРБАЙ,

Н.Ильясов атындағы №9 мектеп гимназиясының ІІ«А»сынып оқушысы

МАТЕМАТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

«Математикалық модельдің адам ойынан туындай отырып, объективті зерттеу пәні ретінде жасалуы – керемет! Оның қасиетін тану арқылы біз нақты өмірді бейнелейтін модельдің қасиетін тани аламыз» деп В.А.Успенский жазып кеткен. Сонымен қатар, математика – ғылымдардың ең басты тілі ретінде нақты әлемнің құбылыстарын сипаттайтын әртүрлі тәсілдердің ең қолайлысын көрсетеді.

Математика – бұл бір ерекше әлем. Сырт көзге ол тек мылқау сандар мен суық есептен ғана жаралған құрғақ дүние болып көрінеді. Бірақ оның ішкі сырларына сүңгі білген адамға өзіндік айырықша әсемдіктері, пәнің сапалық түйіндері, қиялға қанат байлап, ойға қуат құятын, айналдағы жалғыз дүниеге жан бігіретін, құдіретті құбылыстары дайын тұр.

Математиканың нақты ғылымдар саласында алатын орны орасан зор. Математика – ғылымдардың іргетасы. Математикасыз физика, химия, тіптен биология салаларын елестету мүмкін емес. Оны кез келген ғылым саласына енгізенсіз, оған жан бітіп, бойына қан жүгіреді. Ол бізді қоршаған ортаны танып-білуге, заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Табиғи құбылыстардың сипатын анықтауда математика тілі арқылы моделін құрып, болашақтағы құбылыстың күйін болжай аламыз. Математикалық есептердің қағаз жүзінде ғана қалып қоймай, жан бітіп, іске асуын кез келген жерден көре аламыз. Мысалы, біз күнде мініп жүрген көлік, компьютерлер, ұялы телефондар, тіпті біз тұрып жатқан зәулім үйлерді де айтуға болады. Құрылыс пен сәулет өнері – адамның алғаш пайда болуынан басталған көне кәсіп. Ғасырлар ауысса да ол бізбен бірге дамып, жетілуде. Құрылыс саласының өзіне тән ережесі, тәртібі


және нормативтік құжаттары болады. Соған сәйкес әрбір құрылысшы кірпішті қалай қалау керек, оның нормасы қандай болады деген сияқты құрылыс технологиясын меңгеруі қажет. Сондай-ақ жобаны оқи білуі керек. Бір нысан мен екінші бір нысанның ерекшелігін білу, технологияны, адамды орнымен пайдалану, алған білімді тиімді жұмсай білу, дәл, нақты есептей білу керек. Яғни математикадағы масштабты жақсы түсініп, оны практикада қолдана білу қажет.

Медицина мен денсаулық сақтау саласында да көптеген есептеу жүргізіледі. Мәселен, медициналық құрылғыларды жасау барысында адам денсаулығына зиян келмес үшін математикалық есептеулер жүргізіледі. Тіптен ауа райын зерттеудің өзі математикалық модельсіз жүзеге асырылмайды.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, математикалық есептеулердің арқасында, бүгінгі технологияларға қол жеткізіп, қауіпсіз үйлер салып, ғарышты зерттеп, мәдениетімізді дамытамыз. Математикалық есептеулерсіз әлем тіптен басқаша болар еді.

«Егер ақылды болғын келсе, көп оқы!» тіркесіне «және математикамен айналыс» деген жолдарды қосқым келеді. Гуманитарлық сала мен нақты ғылымдар бір-бірін толықтырып отырады. Гуманитарлық саланың жақсы мамандары базалық деңгейде нақты ғылыммен айналыспағандықтан, шешім қабылдауда қателіктер жіберіп жатады. Ал жақсы математиктер, технологтар абстрактілі әлемге кіріп кетіп, нақты әлеммен байланыс үзіп алады. Барлық «жақсы» нәрселердің өз мөлшерінде болғаны абзал.

Жанар СЕЙДАХМЕТОВА,
№143 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі



Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданып, бүгінде оны іске асыру бойынша жұмыстар атқарылып жатқаны белгілі. Бұл құжаттың басты мақсаты – елімізде адам және қоғам, мемлекет игілігі үшін жасалған қатынастарды реттеудің құқықтық мәдениетін одан әрі жетілдіре түсу.

ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІНЕ ИЕ БОЛУ СОТ БЕДЕЛІН АРТТЫРАДЫ

Бұл – күннен-күнге дамып келе жатқан заман талабы. Сондықтан да Президент өзінің жыл сайынғы Жолдауларында Қазақстан дамуының бағыттарын анықтау барысында сот және құқық қорғау жүйесін жаңғыртуды тікелей міндеттердің бірі ретінде қойып отыр.

Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады.

Сонымен қатар соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытып, болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттан тыс тәртіппен жүргізілетін етіп қажеттігіне тоқталды.



Қазақстан Республикасының Ата Заңына сәйкес мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екені, адамның аталған құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда ешкімнің оны бұзбауға, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғалатыны, қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге, не жазалауға болмайтыны, әркім өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға, өмір сүруге құқығы бар екені көрсетілген.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соттар ірілі-ұсақты әкімшілік істерді қарап, заң шеңберінде жазалау шараларын тағайындайды. «Жасыратыны жоқ, жылдан-жылға ұсақ бұзақылықтың түрі мен саны көбейіп келеді. Ұсақ бұзақылық дегеніміз – қылмыстық бұзақылыққа жетеқабыл әкімшілік құқық бұзушылық.

Қоғамдық орындарда боқтап-балағаттау, азаматтың арнамысына тию, қоғамдық тәртіпті және азаматтардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер, егер өздерінің сипаты жөнінен қылмыстық жауапқа тартуды талап етпесе, ұсақ бұзақылық ретінде қарастырылады. Занда ұсақ бұзақылық үшін әкімшілік жолмен ықпал ету шараларын қолданудың айрықша тәртібі белгіленген.

Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабы бойынша жауаптылыққа тартылуға тиіс. Осы ретте айта кетер жайт, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабының жазалу бөлігінде заңдарға өзгерістер енгізіліп, құқық бұзушыларды отыз тәулікке дейінгі әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың міндеттері – адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халық денсаулығының, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық имандылық, меншікті, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау, сондай-ақ олардың жасалуының алдын алу болып табылады.

Осы міндетті жүзеге асыру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдар әкімшілік жауаптылықтың негіздері мен принциптерін белгілейді, қандай әрекеттердің әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын және олардың жасалғаны үшін қолданылатын жазалардың түрлерін, сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға қай мемлекеттік органның (лауазымды адамның) қандай әкімшілік жаза және қандай тәртіппен қолдануы мүмкін екенін айқындайды.

Ал тек қана Заңға бағынатын біздер, яғни судьялар, халықтық сенімге ие болу жолында қызмет атқаруға міндеттенеміз. Сот саласының келешек көкжиегін бағамдаған Жолдау талаптарын басшылыққа ала отырып, тәуелсіз еліміздің тұғырының биік болуына ат салысу – біздің абыройлы борышымыз әрі міндетіміз.

С.Б.УТЕГЕНОВА,

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“Дасария” ЖШС (БСН 160340020774) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Иван Журба көшесі 35 А үйі.

АДАЛ ЕҢБЕК ЕТСЕК, АЛЫНБАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ



бұл жағдай түбегейлі шешілді, толық шешімін тапты деп айта алмаймыз.

Қазақ «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп әділ болудың қаншалықты маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізген. Бабаларымыздың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің даналық шешімдерінен, өзге де тарихи тұлғалар туралы аңыздардан білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық оқиғаларына негізінен лауазымды қызматкер жатады. Осы кезге дейінгі жағдайларға зер салсақ, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу және беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жағандық жасау, жалған сөз жеткізу сыбайлас жемқорлық әрекеттері арқылы жасалады. Мұндай оқиғаларға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу өтірік жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе кате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтару, жалған қорытынды беру не кате аудару үшін сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау қылмыстары да жатады.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің қоғамдық-саяси институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сыбайлас жемқорлықпен әрменді құресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын түсіндіру жұмыстарының деңгейі мен сапасын арттыру өте өзекті. Тұрғындар өздеріне қарсы құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-әрекет жасау қажеттігін білуі қажет.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, парақорлықпен күресті барлық мемлекеттік орган мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік мекемелер, ұжымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Кейбіреуінің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, көсібі этиканың сақтамауы, жеке басының қамын ойлауы парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Тұтас ел болып бірігіп, осы мәселенің алдын алу үшін жүйелі жұмыс атқарсақ қана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұра аламыз.

Ө.ТЕСҚАРАЕВ,

Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ СЫЙЛЫҚ БЕРУДЕН БАСТАЛАДЫ

Кез келген өркеннетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл кесел біздің мемлекеттің де дамуына айтарлықтай кедергі келтіретіні анық. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу – еліміздің әрбір азаматының борышы, мемлекеттік қызметкерлердің міндеті.

Қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күшейді. Соның нақты бір көрінісі – мемлекеттік қызметкердің жұмыс барысындағы қызметі үшін өзіне берілген сыйлықтарды жасырмай, арнайы мекемелерге тапсыруы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын қызметкер, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, оларға теңестірілген тұлғалар, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға уәкілеттік берілген кандидаттар өздерінің қызметтік өкілеттіліктерін орындауына байланысты сыйлықтарды қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес мемлекеттік немесе соған теңестірілген функцияларын атқаруына байланысты қызмет бабында өздеріне тәуелді мемлекеттік қызметшілерден және өзге адамдардан жалпы қамқорлығы үшін сыйлықтарды, өзге де қызметтерді қабылдау мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық болып танылатындығы белгіленген.

Сондықтан мемлекеттік қызмет атқаратын адамдар сыйлықтарды біліп не білмей қабылдаған жағдайда өз еркі бойынша ҚР Қаржы министрлігі жанындағы арнаулы мемлекеттік қорғау өткізуді қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 26.07.2002 жылғы №833 қаулысымен қабылданған «Жекеден негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қағидасына» сәйкес, табысталған сыйлықтарды арнаулы мемлекеттік қорғау тапсыру, оларды сатып алу, сондай-ақ сату қызметтері мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті) арқылы атқарылып келеді.

Аталған қағидамен белгіленген талаптарға сәйкес, қызметкер сыйлық алынған білгеннен кейін 7 күнтізбелік күн ішінде берілген сыйлықты уәкілетті органға өткізуі қажет.

Сыйлықты өткізу тұлғаның өзінің сатып алуы не болмаса сатып алудан бас тарту туралы жазбаша хабарламасын тіркей отырып, табысталған сыйлықты мүлікті қабылдау – тапсыру актісімен өткізеді.

Лауазымды тұлға өзіне ұсынылған сыйлықты сатып алуға құқылы. Ал уәкілетті орган сыйлықты өткізген тұлғадан тиісті хабарлама алғаннан кейінгі 7 күнтізбелік күн ішінде сыйлықтың бағалауын жасайды және көрсетілген тұлғамен сатып алу-сату туралы шарт жасасалды.

Уәкілетті орган арнайы мемлекеттік қорғау сыйлықты үшінші тұлғаларға сатуға сыйлықты өткізген тұлғаның сатып алудан жазбаша бас тартуынан кейін ғана сатуға құқылы. Яғни сыйлықты өткізуші тұлға сатып алудан жазбаша бас тартқаннан кейін өткізілген сыйлықтар бекітілген Қағидаға сәйкес, тәуелсіз бағалаушылармен бағаланып, мемлекеттік тілшінің веб-порталы (www.gostrest.kz) арқылы жалпыға бірдей электрондық аукцион арқылы сауда-саттыққа шығарылады. Сатылудан түскен қаражат мемлекеттік бюджетке жатқызылады.

Өз кезегінде, тұлғаның уәкілетті органға сыйлық түріндегі мүліктерді толық және (немесе) уақтылы бермеуі әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке болатындығын білуді қажет етеді.

Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу – жеке адамдардың немесе жекеден топтың ғана емес, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті. Сондықтан әрбір тұлға әділдік, адалдық шегінен аттамауы қажет. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның дамуына үлес қосқан болар еді.

Бақтыбай БОРАНБАЕВ,

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің бөлім басшысы

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛДІКТІҢ ТҮТҚАСЫ

Тәуелсіздік – кез келген елдің басты байлығы десек қателеспейміз. Біздер үшін де тәуелсіздік ұғымы қастерлі де, қасиетті. Олай дейтінім, ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған, аңсап кеткен егемендікке найзаңың ұшымен, ақ білектің күшімен жеттік. Тәуелсіздікке жету жолында талай «тар жол тайғақ кешулерден» өткеніміз де анық.

Ханның да, қараның да рухани өзегі – Тәуелсіздік. Өзегінен айырылған ел өледі дегендей, өзегіміз болып отырған тәуелсіздік халқымыздың басына қонған бағы ғана емес, құт-берекесі, бірлігі, жан тыныштығы деп ойлаймын.

Тәуелсіздік бізге бейбіт өмірді сый қылды. Бұл біздер үшін ең басты байлық деп білемін. Себебі тыныштығы мен бейбітшілігі жоқ ел тозады, алға қарыштап дамымайды. Ондай елдің өмірі қорқынышпен өтеді. Тыныштық болмаған сәттерді тарихтан білеміз. Сыртқы жаулардың кесірінен тыныштығы бұзылған халқымыз жан-жаққа тарыдай шашырады емес пе? Сонау, Ақтабан шұбырындыда, ашаршылық жайлаған нәубетте, сталиндік репрессия өршіген кезде халқымыз көршілес елдерге пана іздеп көше

бастады. Атақты «Елім-ай» әні сол кезден қалған ескерткіш деп білемін. Тек қана Тәуелсіздік алып, елімізде бейбіт өмір орнай бастағанда, қандастарымыз атажұртқа көшіп келе бастады. Тіпті қазірдің өзінде оралып жатқандар саны көп.

Тәуелсіздіктің берген сыйының бірі – ұлттық құндылықтарымыз: тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміз, әдебиетіміз мен мәдениетіміз, тарихымыз бен шежіреміз қайтып оралды. Оларды дамыту үшін жыл сайынғы дәстүрлі Президент Жолдауында басты басымдықтары жоғалған, өшкен құндылықтарымызды орнына келтіруге бағытталып отырғаны анық. Өзіміздің рәміздеріміз бен қатар төл тарихымыз, төл оқулықтарымыз жазылды. Көршілеріміз бен қалаларымыз, елді мекендеріміз қазақша атауға ие болып, қазақ мектептерінің, оқу орындарының саны артты. Ел жадынан өше бастаған салт-дәстүріміз, ұлы тойларымыз, мерекелеріміз қайтадан жаңғыртылды. Осылайша, халқымыздың маңдайындағы бағы жарқырап, әлем елдері бізді тани бастады.

Елордамыз Астанаға көшіп, жаңа бейнесі жыл сайын асқақтап құлпыра түсеті. Кез келген салада жетістіктеріміз бен жеңістеріміз

толығып, көк байрағымыз аспанда еркін желбірей бастады. Тәуелсіздіктің берген бақытының дәмі «Мәңгілік ел» идеясымен, яғни, рухани жаңғырумен ұштасты. Бұл идея тағы да сонау көне тарихтан бастау алады. Осы жерде бізде «Мәңгілік ел» болу үшін не істеуіміз керек?» деген сұрақ туындайды. Менің ойымша, болашақты арғы ұрпаққа табыстайтын жастарымыз өр тұлғалы, намысты, ұлттық сана сезімі мол, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілігі зор болуы тиіс деп түсінемін.

«Егеменді ел көрікті, бетегелі бел көрікті» дегендей, жастар осы егемендіктің тізгінін мықтап ұстауы керек. Ол үшін еліміздің әлем елдерімен терезесін тең ету үшін басты байлық білім алып, мықты маман иесі болуымыз қажет. Еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қоссақ, еліміздің іргесі ешқашан шайқалмайтыны анық.

Тәуелсіздік – маңдайымыздығы сөнбейтін бақ жұлдызымыз. Тәуелсіздік ата бабамыздың бізге аманат етіп сыйлаған сыйы десем қателеспеймін. Оны жыл он екі ай бойы қаперден шығармағанымыз абзал.

Дильназ МОЛДАБАЕВА

ҚЫЗҒАЛДАҚ ҒҰМЫРДЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Өмір мектебіне аяқ басқаным 19 жыл болса да мен өмірдің шыңға шығумен бірдей екенін түсіндім. Әрине, әр адам қайталанбас тұлға, дегенмен мұны бірі түсінес, бірі түсіне бермейді. Адамның өмірде бақытты және бақытсыз болуы өз қолында, бірақ біз, арулар қауымы, бала кезден сексеніп өстік. Расында қыз атаулының бәрі нәзік болып келетіні өтірік емес.

Қазақ қоғамында қыз дәрежесі биік тұрғанымен оны мойындамайтындар жетерлік. «Бала – өмірдің гүлі, еліміздің болашағы» дегенді естіп жатамыз. Дегенмен сол ұғымды түсінбей аруларымыздың арын аяққа таптап, өз болашағымызға өзіміз балта шауып жатқан-даймыз. Қазірдің өзінде қыз тәрбиелен отырған отбасы оның өмірі үшін үрейленіп өмір сүреді. Себебі елімізде жәбір көрген, қыршынынан қиылған бүлдіршін қыздардың саны жылдан жылға көбейе түседі. Бұл жаға ұстатарлықтай азғындықтың саны азия ма десек, одан сайын артып келеді. Бүлдіршінінен айрылып, жүрегі қан жылаған отбасы қаншама?

Жақынынан айрылу – өмірдегі ең қиын сезім, ал оның қаншалықты қиналғанын естіп, елестету тіпті ауыр соққы. Қоғамға пайда тигізудің орнына уын шашқан қаскөйлердің кесірінен қаншама қарақөз



өмірмен қош айтысып, тағдырларын құрбан етті.

Бұл қылмысты жасаушылардың басым бөлігі түрмеге отырып шыққан адамдар. Олар үшін темір тор демалыс орнына айналғандай, қылмыс жасап үйренген жеріне қайта оралудан сескенбейді. Құлды тас қапс қылмыскерді өзіне тартып тұратындай. Қазақстанда күшейтілген заңдар жоқ емес, дегенмен адам өміріне қатер тигізіп, бүлдіршіндер мен жасөспірімдерді қорлаған адамдарға берілетін жаза қылмысына сай ауыр болуы керек деп есептеймін. Себебі заң аясындағы жаза халық көңілін шықпай, одан бетер басыздықтың туына түрткі болуы мүмкін. Мәселен, жуырда ғана Сарыағаш ауданы, Сіргелі ауы-

лында болған оқиғадан кейін де жүзден астам тұрғын «бала ұрлады, зорлады» деп күдікке ілінген жақында ғана жазасын өтеп шыққан қылмыскердің пәтері маңына жиналып, күдіктіні жазалау еркін өздеріне беруді талап етті. Бірақ заң оған келісім бермейтіні рас. Заң қатайса, қылмыс азаяды.

Қазіргі таңда еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін әлеуметтік желілерде белсенді. Қаскөйлерді халық алдына шығарып екі, үш рет өз жазасын беретін болса және бұл ақпараттар әлеуметтік желілерде кенінен тарاپ барлығы хабардар болады. Көпшілік пікірінше, оны көрген педофилдердің осындай жазадан соң қылмыс әлеміне бас сұғуға беттегісі келмейді. Мен ата-аналардың

өз қызғалдақтарының болашағына алаңдаумен өмір сүргенін қаламаймын. Телеарналарда педофилдер туралы жаңалықтарды естігенде, олардың жауыздық іс-әрекеттерін ойға алғанда, қабырғамыз қайысады. Тіпті мұндай ақпараттың көптігінен төзушіліктің пайда болғанын да байқаймыз. Еліміздегі сорақы зорлық-зомбылық фактілеріне тоқтала кетсек, 2022 жылы Оралда 50 жастағы ер адам 6 жасар қызды зорлаған, ал Түркістан облысында 17 жасар қызды 17 еркек төрт күн бойы зорлаған. Сарыағашта бес жасар қыз 48 жасар азаматтың қолынан айуандықпен қаза тапты. Зорлық, зомбылықтан аман қалған күннің өзінде, қыз баланың өмірі өзін-өзі алдаумен, жұбатудан өтетіні хақ. Психикалық тұрғыдан соққы алып, халық мүсегіне шыдамай өзіне қол жұмсаған қыздар саны да өте көп.

Ең сорақысы бұл естігеніміз қоғамда болып жатқан қатігездіктің бір бөлігі ғана. Атап өткен жайттардан кейін педофилдерге деген жазаны неге ауырлатпай, басыздықтарға тосқауыл қоймасқа?! Дегенмен бұл тек уақыт еншісіндегі сауал...

Лаура САЯБЕКҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы университеттің студенті

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ ҚАЙТКЕНДЕ ДАМИДЫ?

Жүрекерді жаулап, көп жанкүйердің өмірлік қызығушылығына айналған спорттың бірі және бірегейі – футбол. 1846 жылы бастау алған сәккер – күні бүгін әлемдік деңгейде енесі биік спорт. Мақаламызда қазақ жеріндегі футболдың тарихы мен бүгінгіне көз жүгіртіп, доп тебу ойынының Қазақстандағы жағдайы туралы сөз қозғамақпыз.

Тарих тақтасы

Ең алғаш Семейде ССК, «Олимп», «Ласточка», «Орлята» және «Ярыш» атты футбол командалары пайда болды. Зерттеулерде спорттың бұл түрін қазақ жеріне ағылшын саудагерлері әкелді деген деректер бар.

«Ярыш» – Семейде құрылған тұңғыш футбол командасы. Сондай-ақ халықаралық бәсекеде бақ сынағандардың ең біріншісі де осы команда. Ал 1921 жылы Жамбыл қаласында Қазақстандағы алғашқы футбол алаңы қолданысқа берілді. Десек те жеңістің тәтті дәмін сезіну 1940 жылы бір-ақ бұйырды. Бұл Қазақстанның бүкілодақтық деңгейде жеткен ең бірінші жеңісі еді. Алматылық «Динамо» Тағанротта өткен КСРО-ның Денешынықтыру ұжымдары кубогының финалындағы екінші матчта алаң иелері «Торпедо» құрамасын 3:1 есебімен ұтқан еді. Осылайша қазақ футболының іргетасы қаланды.

Мұхтар Әуезов – футболшы

Есімі әлемге мәшһүр «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы Мұхтар Әуезовтің футболмен айналысқанын білесіз бе? Ол «Ярыш» командасының сапында доп теуіп, әдемі ойын көрсете білген белді ойыншы болған екен. Оның футбол әлеміне еніп, із қалдыруына Николай Купрянов есімді саудагер әсер еткен. Николай Купрянов Семейге келген кезінде онымен жүздескен алғашқы қазақ баласы Мұхтар болған. Жазушының ала доп теуге деген талпынысын аңғарған Купрянов Мұхтарға футболдың ережесі мен тәртібін үйреткен. Жас Мұхтардың футболға деген ынта-ықыласы терең болған. Оның алаңдағы позициясы – жартылай қорғаушы. Команданың жүзделі ойыншысы болған ол кейіннен «Ярыш» газетіне материалдарын жарыққа шығарып, спорт мәселесін, сонымен қатар әзіл-сықақ, сын-сатираларды жариялап отырған.

«Әттеген-айы» аз емес

Қазіргі қазақ футболына ойыссақ, Қазақстандағы футбол қарыштап түр немесе төмен дәрежеде деу қиын. Оған себеп те, дәлел де көп. Мысалға

келтіретін де дүние аз емес. ФИФА-ның мәліметтері бойынша, ең үздік деген нәтиже 2016 жылы Қазақстан ұлттық құрамасы 83-ші орынға жайғасқан кезде болған еді. Алайда қазір Қазақстан ұлттық құрамасының рейтингі едәуір төмен түсіп тұр. Елдер арасында 100-ші орынға табан тіреп, сәуір айында 103-ші орынға дейін түсіп кеткені мәлім болды. Десек те Қазақстанның футболдан ұлттық құрамасы ФИФА мәліметтері бойынша әлемде 8-ші орынға жайғасқан. Еуропадағы үздік құрама деп танылған футболдың ұлттық құрамасы УЕФА рейтингісі бойынша 4-ші орынға тұрақтап тұр.

Магомед Адиевтің тәлімгерлігімен ел намысын қорғаған жігіттердің соңғы матчы 21 наурыз күні өтті. Ұлттар лигасында Люксембург құрамасымен текетірескен ұлттық құрама 1:2 ұлайым ұтылып, нәтижесінде ЕУРО 2024-ке қатысу мүмкіндігінен айырылып қалды. Бұл матчты тамашалаған көп қазақ жанкүйер наразылық танытып, әлеуметтік желі біраз шулаған еді.

Ұлттық құраманың экс бас бапкері Магомед Адиевтің кезінде 21 матч өткізіп, 11-і жеңіспен аяқталды. 9 матчта топ жарған ұлттық құрама тек 1 ойында қарсыласымен тең түсті. 21 матчта қарсыласқа 28 гол салып, 29 голды таспада қалдырған.

Мамыр айының соңында бас бапкерлік қызметін босатқан Адиевтің орнына ресейлік Станислав Черчесов келді. Бапкерлік мансабында Ресей чемпионатының күміс жүлдегері, Польша чемпионы, Польша кубогының жеңімпазы, 2018 жылғы әлем чемпионатының ¼ финалында Ресей құрамасына тәлімгерлік етіп, Мажарстан чемпионы, Мажарстан кубогының иегері атанған Черчесовтың Қазақстан құрамасындағы бапкерлік дебюті қыркүйек айында өтетін Ұлттар лигасындағы Норвегиямен өтетін матчта болады деп күтілуде. Оған дейін бас бапкердің міндетін Руслан Балтин атқарады. Осы орайда кеше ғана ұлттық құрама Армения құрамасымен жолдастық кездесуде болғанын айта кетсек. «Жақсы командаға қызықты ойын болады» деп болжам жасалған матчта ұлттық құрама 1:2 есебімен алаң иелеріне есе жіберді. Ал одан кейін Әзірбайжан ұлттық құрамасымен жолдастық матч өткізіп, 3:2 есеппен жеңіліс тапты.

Құрамның құрылымы қандай?

Ұлттық құрамада қазақстандық клубтардың сұрмергендері мен кіл озық ойын үлгісін көрсете білетін мықтылар жиналған. Құрамда 34 футболшы бар. Атап айтсақ, 3 қақпашы, 12 қорғаушы, 9 жартылай қорғаушы және 3 шабуылшы. Ұлттық құраманың капитаны қызылордалық Асхат Тағыбергелен.

Қазақстанда үміт күтетін футболшы аз емес. Солардың бірі Нұрғали Әліп, Бақтияр Зайнуллин, Абат Айымбетов, Рамазан Оразов, Арман Кеңесов, Максим Самородов және өзге футболшылар. Бұл тек сол тізімнен ерекше көзге көрініп, салмақты ойын көрсете білген аяқдопшылар.

Түйін. Футбол – Қазақстанда қарқынды дамып келе жатқан спорт. Біздің футболшыларға әлі де ала доппен тиянақты ойын көрсету үшін көп жаттығу, дұрыс әдіс-тәсілді қолдану қажет. Бұл бапкер мен спортшының кәсіпқойлығына байланысты. Ұлттық құрам әдемі ойын көрсету үшін үздіксіз оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуде. Мұны олардың әлеуметтік желісінде де байқауға болады. Бірақ нақты техникасыз, дұрыс жүйесіз жеңістің ауылынан алшақтай береміз.

Футболға әрбір ойыншы кәсіби көзқараспен қарап, ұжымдық және командалық тактиканы шабуылда келістіре ойнау қажет. Қарсыластан екі қалам тез ойлану, оның ойнау машығына ерекше мән беруі тиіс. Сондай-ақ алаңдағы атмосфера мен жанкүйердің оған деген сенімін сезінуді де өзіндік ерекше әсері бар. Қазақ футболында өзгерістер аз орын алып жатқан жоқ, қолдау да жеткілікті. Мәселен, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше «Атлетико Мадрид» футбол клубының президенті Эрике Сересо Торресті қабылдап, қазақ футболын ілгерілетуге ықпал жасайтын бастаманы қолға алды. Мемлекет басшысы футболды дамытуға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екендігін білдірді. Жоба аясында испаниялық клуб қазақ жерінде академия ашып, футболсүйер жас таланттарды баптайтын болады.

Қорлан САРЫ

«Қазақ» сөзінің шығу тегі жайлы зерттеушілер арасында әртүрлі пікір бар. Бірі «қас-сақ» сөздерінің қосылуынан пайда болды десе, ал енді бірі «қаз-оғ» (оқ) сөздерінің бірігуінен туындаған деген деректі келтіреді. Көтергелі отырған тақырыбымыз қазақ тіліндегі кейбір сөздердің этимологиясы жайлы болмақ.

Атаулар этимологиясы

Этимология – гректің etimos «ақиқат», logos «білім» деген сөздерінің бірігуінен пайда болған. Тіл ғылымының бұл саласы жеке сөздің ғана емес, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің де түп төркінін, шығу тегін зерттейді.

Тарих беттеріне көз жүгіртсек, Сыр өзенінің атауы сан мәрте ауысқаны жайлы деректер кездеседі. Скиф тілінде «Силис», ежелгі грек тілінде «Яксарт» деп жазылған бұл өзен XIII ғасырдан бастап Сырдария атауын алған.

Сырдария атауының мағынасына үңілсек, татар тілінде «дария» өзен сөзін білдірсе, «сыр» сөзі сары деген мағынаны береді екен. Яғни Сырдария «сары өзен» деген мағынаға ие.

Дінтанушы-филолог, PhD доктор М.Төлеген өзінің «Мұхиттың этимологиялық қойын дәптері» жазбасында «алақай» сөзіне талдау жасайды. Сіз «алақай» сөзінің араб тілінен енгенін білесіз бе? Араб тіліндегі «Алла хай» сөзіндегі «хай» – тірі деген мағынаны білдіреді екен. Яғни жария дауыспен «Алла тірі» деу арқылы жаратқанды мақтап-мадақтаған адамның бойына ізгі қасиеттер ұялап, жүрек көзі ашылады деген наным бар.

Ағайын сөзінің түп төркіні «аға» және «іні» деген сөздердің кірігуінен пайда болғанын бірі білсе, бірі білмес. Ал қарындас сөзі қазір тек қыз баласына қатысты қолданыста жүр. Көне түркі тілдерінде қарындаш сөзі бір құрақтан шыққан (құрақ – қарын) аға-іні, бауыр деген мағынаны білдірген.

Туыстық атаулар этимологиясы жайлы жалғастырсақ, жиен сөзінің шығу тегі тіпті қызық. Ертеректе жат жерге ұзатылған бір елдің қызы бірнеше жылдан соң балаларымен төркінен келген көрінеді. Сонда нағашысы қыздың баласына мал атап, өзі таңдаған малына ең салдырады. Жаз шыға, бала нағашы жұртына келгенде нағашысы: «Балам, жи еніңді!» деп ілгеріде атаған малын жинатып алған екен. Ел аузында «жиен» сөзі осылай пайда болған деседі.

Сонымен қатар қазақ күйеуі тірі әйелді ешқашан кемпір деп атамаған. Оның себебі мынадақ, қазақта «Пірсіздің пірі – шайтан, әйелдің пірі – күйеуі» деген мақал бар. Әйел заты өз ерін «пірім» деп құрметтеген. Сондықтан кемпір сөзі «пірі кем», «арқа сүйер азаматы жоқ» деген мағынаға саяды.

Ал қазақ әдебиетіндегі қара өлең атауының этимологиясы жайлы танылмал ғалым Сәбетқазы Ақатаев мынадай пікір айтады:

– Қазақтың «қара» деген сөзі заттар мен құбылыстардың тек түсін ғана білдіріп қоймайды, «қара» атауы – байырғы, көне, ескі, мәңгі өзгермейтін деген мағынада да кенінен мәлім. Мәселен, қара шаңырақ, қара Ертіс, Қара-хан – ортағасырлық қазақстандық хандардың лауазымы, Қара-хан – қытай жылнамаларында ғұн хандарының бабасы. Бұл атаулар «ежелгі», «ескі», «мәңгі» деген мағынаны білдіреді. Қара әлемнің әуелгі жайы (мрак, хаос), әлемнің күн түспейтін солтүстік жағы, мәселен, Қара теңіз – солтүстік теңіз мағынасында. Сондықтан «қара өлең» деген атауды біз дәстүрлі, байырғы қазаққа ертеден тән халықтық поэтикалық мәдениетті белгілеу үшін қолданамыз, – дейді.

Апта атауларының арғы тегіне тоқталайық. Қызығы, ертеректе апта басы қазіргідей дүйсенбіден емес, жексенбіден басталған дейді кей мәліметтерде. Дүйсенбі, сәрсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Байқап отырғаныңыздай жексенбі өзге алты күннің атауы бір-біріне ұқсайды. Себебі басқалары парсы тілінен еңсе, жұма сөзі араб тілінен енгені жайлы мәліметтер ашық дереккөздерде жарияланған.

Парсыша «шембе» сөзі «жарық шығаратын аспан денесі», яғни күн, ай, жұлдыз, жалпы барлық аспан денелерін білдірсе керек. Күн сөзі шумер тілінде «шамму» атауымен берілсе, вавилонша «шамаш», ал көне Сирия тілінде «шәмши», арабша «аш-Шәмси» деген атауға ие.

Жоғарыда апта ертеректе жексенбіден басталғаны жайлы қозғаған болатынбыз. «Бір» сөзі санскритше «ека», көне парсы тілінде осының аздап өзгерген түрі «йек» атауына ие. Яғни аптаның алғашқы күні саналған «йек-шембе» – біздіңше аптаны қорытындылайтын жексенбіміз. Ал дүйсенбі сөзіндегі «дә» екі деген сан есімді білдіреді екен. Оған дәлел, екі – көне парсы тілінде «ду», орысша «два», ағылшынша «ту». Ал сәрсенбі атауының алғашқы «се» түбірі «үш» деген атауды білдіреді. Көне парсы тілінде «сірай» болған дәл осы күннің атауы орысша «среда», яғни үш сан есімі орысша «три», ал ағылшынша «three». Айналып келгенде түркі тілдері ғана емес, жалпы жер бетіндегі барлық тіл туыс па дерсің?!

Сонымен қатар күн аттарындағы тіркескен бес-түрлі сан есім парсыша ғана емес үнді-еуропалық тілдегі сан атауларына ұқсас деген мағлұматтар бар.

Аружан ОРАЛБАЙ

ОМАРТАШЫЛЫҚ: БАЛ АРАЛАРЫНЫҢ ӨМІРІ

Аналық аралардың өмір сүру ұзақтығы 6 ай екенін білесіз бе? Сәби 6 айлығында енді тәй-тәй басып жүруге ұмтылса, аралар бұл уақытта ұрпағын жалғастырады. Ал бірі білсе, бірі білмес, бал аралары 1 ай ғана тіршілік етіп, өледі екен. Біз мән бермейтін қоршаған әлемнің қызығы өте көп. Жыбырлаған құмырсқадан бастап барлық тіршілік иесінекке жақын келеді. Оның ішінде, тақырыбымызға арқау болған ара да бар.

Қыстың ызғарлы күндері артта қалып, көктем келгеннен бастап бал жинауға кірісетін, нағыз жұмыстың жәндігі ара туралы білу үшін омарташы Өміргали ағаймен байланысқа шықтық. Өміргали Жұмаханұлы – 2 жылдық тәжірибесі бар қызылордалық омарташы. Бүгінде қала сыртынан 75 шақырымда орналасқан Шаған елді мекенінде араларды баптаумен айналысады. Арнайы форманы киіп, бал жинау көрген көзге қызықты әрі жеңіл болғанымен, оны өсіріп-баптап, көзін табу ғылым жолындағы зерттеу жұмысымен пара пар.

– Бұл кәсіпке келгеніме 2 жылдан асты. Өрине, оңай жұмыс, оңай табыс жоқ. Барлығы тәжірибемен келеді. Жұмысқа қызығушылығың, ынтаң мен ікемін болса, аралармен де достасып кетесің. Қазір 250-ге жуық ұямыз бар, – деді омарташы.

Аралар колония немесе ұя түрінде өмір сүреді. Әр ұяда мыңдаған ара болады. Олар жұмысшы, аналық және трутень аралар деп бөлінеді. Олардың ең көп бөлігі – жұмысшылар. Міндеттері әртүрлі: бал жинау, ұя тазалау, тамақтандыру және ұяны қорғау. Патша ара ұядағы жалғыз аналық және оның негізгі міндеті – жұмыртқа салу. Ал жұмысы, қызметі жоқ – еркек аралар. Әңгіме барысында аралардың өмір сүру ұзақтығын айтқанда таңғалдық. 1-6 ай біреуге аз, біреуге көп уақыт емес пе? Өміргали ағайдың айтуынша, аралар баптап, күтім жасағанды жақсы көреді. Тіпті әр ұяшықтың өзіндік ережелері бар көрінеді. Еңбек пен тәртіпке үйренгендері соншалықты әр іске жауапты ара болады екен. Естіген құлақ пен оқыған көзге күлкілі болуы мүмкін, бірақ шындығы – осы. Ұялардың тазалығына жауапты,

аралардың бал жинауына, тәртіпке, ыстық күні ұяшықтың салқындауы, ал салқын мезгілде ішкіте жылы температураға жауапты аралар болады. Аналық ара 6 ай өмірінде бал тасып, өзінен кейін ізбасары ретінде ұрпақ қалдырып, оны тіршілікке бейімдеп кетеді екен. Ұқыптылыққа келсек, ай сайын кене немесе басқа да жәндіктерден заралсыздандыру мақсатында аралардың үйі тазартумен өтеді, яғни ұлау процесі жүреді.

Сондай-ақ бал жинау, 1 жылдағы аралардың қызметі туралы да сұрадық.

– Қыс мезгілі келіп, күн райы суығанда аралар ұяшықтарына жиналады. Аязды күні сонда мекендейді. Көктем келіп, гүлдер жайқалғанда олардың да қызу жұмысы басталады. Мәселен, қазір мия, жантақ, шенгел гүлдерінен бал тасуда. Осылай көктем-жазда молынан жұмыс істейді. Қыркүйек-қазан айларында да гүлдейтін өсімдер бар, сол кезге дейін бал жинайды. Осылайша күзде қайтадан демалысқа кетеді. Бірақ ұяшықтарында



ЖҰМЫС

жалғасады. Келесі маусымға дайындық жұмыстарын жүргізіп, ұяшықтарын ретке келтіреді. Жантақ, мамыр балы дегендер осы гүлдерге, кезеңдерге байланысты қойылады. Оларды жинағанда да бөлек жинаймыз. Ұяшықтардан әр 15 күн сайын бал аламыз, – дейді Өміргали Жұмаханұлы.

Сіз білесіз бе?

• Араны баптауын омарташы болса, ара туралы ғылым «апиология» деп аталады.

• Ара қанатын секундына 200 рет қағады, ал салмағы шамамен 0,1 грам.

Әлия ТӘЖІБАЙ